**Keywords:** yurt, Kazakh people, ethnographic study

## КІРІСПЕ

Қазақ халқы өзінің күн көріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап, өмірде сән-салтанат құра білді. Бұдан біз халық творчествосының қандай түрі болса да, халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық тарихымен, күн көрісімен, кәсібімен тығыз байланысты екенін көреміз.

Киіз үй – қазақ халқының бір шегесіз жиналып, құрылатын, қыста жылы жазда салқын, көшіп- қонуға ыңғайлы тұрмыстық үй. Киіз үйдің қазақ өмірі мен әлеуметтік жағдайына үйлесімдігі сондай, оны үлкейтіп немесе кішірейтіп жасауға болатын. Киіз үй – *Атамыз - Алаш, керегеміз - ағаш, Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз* деп, аталы сөз айтып қалдырған ата-бабаларымыздың негізгі баспанасы. Киіз үй – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі, тіпті оған көршілес елдердің де тұрақ – мекені. Солай бола тұрса да, оны қастерлеп ұстап, ғасырдан ғасырға оның мән-маңызын өзгертпей жеткізген біздің қазақ халқы екенін әрдайым мақтанышпен айтамыз.

Зерттеу жұмысы қазақ халқының киіз үй деп аталатын дәстүрлі баспанасын этнографиялық тұрғыдан зерттеуге бағытталған. Зерттеудің мақсаты – киіз үйдің тарихи-мәдени, сәулеттік аспектілері мен оның қазақ қоғамы өміріндегі маңызы туралы жан-жақты түсінік беру. Киіз үйдің бірегей тұрғын үй құрылымы ретінде қалыптасуы мен бейімделуіне табиғи-климаттық жағдайлардың әсері қарастырылады.

Ғалымдар әдебиеттерді жан-жақты қарастырады, соның ішінде әртүрлі зерттеушілердің еңбектері, әдіснамалары мен тұжырымдарына жан-жақты талдау жасайды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысында археологиялық олжалар мен этнографиялық деректерге терең талдау жасалып, киіз үйдің тұрғын үй құрылысы ретіндегі эволюциясын атап көрсетеді. Киіз үйдің сәулеттік, әлеуметтік-мәдени және функционалдық аспектілері егжей-тегжейлі зерттеліп, ежелгі қазақ тұрғын үйлерінің этнографиясындағы негізгі ағымдар мен жаңашыл тәсілдер айқындалады.

Бұл зерттеу қазақ халқының дәстүрлі сәулет өнері мен мәдени мұрасын ғылыми тұрғыдан түсінуге зор үлес қосады. Ол киіз үйдің тарихи жағдайын егжей-тегжейлі қарастырып қана қоймайды, сонымен қатар болашақтағы зерттеулер мен этномәдени дәстүрлерді сақтаудың перспективаларын ұсынады. Зерттеу қазақтың көшпелі өмірі мен сәулет дәстүрінің ерекше аспектілеріне қызығушылық танытатын ғалымдар мен энтузиастар үшін құнды дереккөз болып табылады.

## **1. ЗЕРТТЕУДЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДІС**

Қазақ халқының ежелгі баспанасы киізүйді зерттеуде қолданылатын әдістеме археологиялық және этнографиялық әдістерді біріктіретін біріктірілген тәсілді қамтиды. Зерттеу барысында келесі әдістемелік тәсіл жүзеге асырылды:

*Әдебиеттерді шолу және алдыңғы зерттеулерді талдау:* Қолданыстағы әдебиеттерге және тақырып бойынша басқа ғалымдардың жұмыстарына кең шолу жасалды. Бұл зерттеудің негізгі бағыттарын анықтауға, білімдегі кемшіліктерді анықтауға және негізгі сұрақтарды тұжырымдауға мүмкіндік берді.

*Археологиялық талдау:* Киіз үй мен қазақтың көне тұрғын үйлеріне қатысты археологиялық олжаларға толық талдау жасалды. Археологиялық құжаттаманың стратиграфияны зерттеу, табылған заттар мен олардың контекстін талдау сияқты әдістері қолданылды.

*Этнографиялық зерттеу:* Қазақ қоғамындағы киіз үйді жасау мен пайдаланудың қазіргі дәстүрлері туралы этнографиялық деректер жинақталған далалық зерттеу жүргізілді. Бақылау, әңгімелесу және сауалнама әдістері қолданылды.

*Салыстырмалы талдау:* Алынған археологиялық және этнографиялық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіліп, уақыт өте келе киіз үйдің дизайны мен қолданылуының ортақ тұстарын, өзгерістері мен эволюциясын атап өтуге болады.

*Сыни шолу:* зерттеу нәтижелеріне сыни шолу жасалды, оның ішінде әдістемелік тәсілдер, шектеулер және болашақ зерттеулердің ықтимал жолдары талқыланды.

Бұл кешенді әдіснамалық тәсіл қазақ тұрғын үй құрылысының эволюциясы мен мәдени аспектілерін уақыт пен өзгермелі әлеуметтік жағдайлар жағдайында неғұрлым толық және жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

## **2. ТАРИХИ ШОЛУ**

Адамзат мыңдаған жылдар бойы тіршілік үшін табиғатты пайданып келеді. Бұл ортада өмір сүруді қамтамасыз ететін үш фактор маңызды орын алады. Олар: тағам, киім-кешек, тұрғын үй. Ол да адамзаттың дамуымен бірге күрделі, эволюциялық даму жолынан өтті. Тұрғын үй – адамның қоршаған орта мен өмір сүру тәсіліне сай таңдалынып алынды. Ондаған ғасырлар бойы қазақтардың негізгі шаруашылығы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болып келді. Сонымен қатар ірі өзендер мен көлдер маңында жартылай егіншілікпен айналысатын аудандар да кездесті. Көшпелілер өмір бойы жыл мезгілдеріне сәйкес көшіп-қонып жүруге мәжбүр болды.

Олар жылдың жылы мезгілдерін көктеу мен жайлауда өткізіп, күн салқындаған кезде күзеуге көшті.

Осы жерде көктемде егіп кеткен егінін жинап, қыстауға қайта оралды. Көшпелілердің осындай өмір салтына ыңғайлы тұрғын үй – киіз үй болып табылды [Майдар, 1980: 216 б]. Киіз үйдің бойына көшпелілердің сан ғасырлық тәжірибесі, өмірлік қажеттілігі, ой-өрісі, талғам-танымы шоғырланғандай. Көшпелілердің сұлулық туралы талғам-түсінігі, дүниені сұлулық туралы заңдылықтарымен игеру мүмкіндігі негізінен осы киіз үй арқылы көрініс тапты. Киіз үйдің шаңырағынан бастап, сықырлауығына дейінгі әрбір бөлшегі өз алдына оқшау өнері туындысы бола тұра, сол мың сан бөлшек бір-бірімен мінсіз үйлескен шақта шегіне жеткен, әбден аяқталған өнер туындысын құраған. Осынау ғажайып өнер туындысы көшпелілердің күнкөріс мұқтажынан бастап, рухани талғам-талабына дейін қызмет еткен. Киіз үй көшпелілер үшін табиғаттай сұлу, кеңістіктей үйлесімді шағын әлем. Бұл ретте киіз үйді адамзат баласының ұзына тарихында жасалған материалдық мұралардың ішіндегі бірегей айғақтардың бірі деп қарауға негіз мол. Киіз үйді бір күнде, бір ғана адамның даналығы дүниеге әкелген жоқ. Ол көшпелі өмір салтымен бірге туып, біте қайнасты, бірге шыңдалды. Сондықтан да көшпелілердің материалдық мүмкіндігіне ғана, таным-түсінігіне, шеберлігіне бірден бір мол айғақ осы киіз үйдің өн бойына жинақталады. Әзірше, киіз үй туралы ең көне дерек біздің заманаымыздан бұрынғы үш мыңыншы жылдардан, қола дәуірінің сорабынан белгі беріп отыр. Мұны Алтай тауларындағы, Сібірдегі Баяр жартасындағы, Қырымның жақпар тастарындағы суреттерден аңғаруға болады. Ең көне заттық айғақтарды Алтайдағы Пазырық және Монғолиядағы Ноин-улин қорғандарында сақталған киіз үлгілері әйгілеп отыр. Ал ең көне жазба дерек грек тарихшысы Геродоттың көшпелі скифтер туралы жазбасында бар [Гильом де Рубрук, 1957: 85 б]. Одан бергі замандарда киіз үйдің бітімі, оның көшпелілер өміріндегі рөлі туралы мағлұматтарды Батыс-Шығыс тарихшыларының, саяхатшыларының жазбаларынан, көне әдебиет нұсқаларынан, түрлі архитектура үлгілерінен молынан кезіктіруге болады. Мәселен, үйсін гуньмосының (ханының) киіз үй тігіп отыратынын көне қытай шежіресінен Н.Я. Бичурин келтіреді. Земархтың жазбаларында арба үстіне тігілген киіз үй сөз болады. Жалпы, көшпелі өмір салтына орай алғашқыда арба үстіне күйме сияқты біржолата орнататын киіз үй пайда болған сияқты. Мұндай арбалы киіз үйлер Пано Карпини, Рубрук, Ибн-Батутта сияқты саяхатшылардың жазбаларынан жиі



ұшырасады. Алайда, арба үстіндегі киіз үй ілкімді көші-қонға қолайсыз еді. 1253-55 жылдары қазақ жерін басып өткен француз елшісі Рубруктың айтуы бойынша «кейбір киіз үйлерді тарту үшін арбаға 22 өгізге дейін жегіледі» екен. Әрине, тау-тас, өзен-шөл, құмдауыт жерлерді көктей басып, табиғат қытымырлығының алдын орап отыратын көшпелілер үшін әрі жеңіл, әрі жиналмалы үй қажет болған. Ондай үйді дүниеге әкелді де. Ачинск төңірегіне зерттеу жүргізген археолог Г.А.Абраменко басқарған экспедиция палеолит дәуіріндегі адамдардың тұрағын тапқан. Бұл тұрақ тарих ғылымының докторы В.Ларичевтың пікірі бойынша қазақтың киіз үйін елестетеді. Таңқаларлығы сол, әлгі тұрақ мамонттың ұзын иінді тістерін уық сияқтандырып, жамбас сүйектің шұңқырына қадау арқылы жасалған. Сонда киіз үйдің қарапайым түрі болып шыққан. Әрине, киіз үйдің түпкі тегі, алғашқы нышаны дүниеге осылай келуі де әбден ықтимал. Осы тұста, *киіз үйдің қаңқасы* деген ұғым шын мәніндегі қаңқа сүйектен бастау алмады ма деген өзінен өзі тіленеді. Тек ол ғана емес, «киіз үйдің сүйегі» деген сөз тіркесі бар ғой.

Ал киіз үй туралы көнеден жеткен жұмбағымыз: *отыз омыртқа, қырық қабырға, бәрін ұстап тұрған ауыз омыртқа* деп келеді. Көненің көмескі ізі халық есінде осылай сақталған. Киіз үйдің көшпелі өмір салтымен құрдас екені күмән тудырмайды. Себебі киіз үй сияқты ғажайып «көшпелі архитектурасыз» көшпелі өмір салтына көндігу мүмкін емес еді.

Өзін табиғатпен тұтастықта, табиғаттың бір бөлшегімін деп тану, табиғатпен кіндігіміз бір деп есептеу – көшпелілердің дүниетанымымен ұласып жатады. Олар үшін аспан әлемі көк күмбез – барша тіршіліктің баспанасы. Ал киіз үй болса, әркімнің шағын әлемі, әркімнің *көк күмбезі*. Сондықтан да киіз үй бүкіл бітім-көркімен көшпелілер ұғымында шағын әлемді бейнелейді. Оның іргесі – төңіректегі көк жиекті, уық-шаңырағы аспан күмбезін елестетсе, ішкі-сыртқы безенген көркі әсем табиғатты жоқтатпайтындай әсерге бөлейді. Қазақ тілінде *жұрт болмайсың, түтін түтеу, шаңырақ шайқалтпау, ошағыңның отын сөндірме* деп келетін сөз тіркестерінің мағынасы киіз үйді кіші әлем сан аудан туындайтын үлкен мәнді ойларды аңғартады. Тіптен, киіз үйдің бітім-қасиеті бойынша тұтас елді, мемлекетті атауда да осындай қасиет тұтқандықтың нышаны бар. Ш.Уәлихановтың айтуынша: *Алтын орда – хан отырған алтын киіз үй немесе шатыр деген мағынада, кейін хан отырған бүкіл төңірек солай аталып кетті. Сондықтан да Ақ орда, Көк орда, Сары орда деген атауларды ұлыстардың немесе киіз үйлердің атауы деп емес, хан отырған жұрт, оның төңірегі*

деп қабылдаған жөн. Сондай-ақ жүннен тұрғын үйге қажет киіздер мен үйдің ішіне қажетті жасаулар дайындалды. Сондықтан да көшіп қонуға ыңғайлы, жиналмалы үйдің көп бөлігі киізден дайындалғандықтан, халық арасында *киіз үй* деген атқа ие болды [Уәлиханов, 1961: 777 б.]. Киіз үйдің сүйегі ағаштан жасалды. Киіз үйдің көшпелі тұрмысқа бейімділігі жайлы» қазақ жерінде болған жат жұрттық саяхатшылар көп жазған еді. ХУІІІ ғ. екінші жартысында әскери құрылысшы, капитан И.Г. Андреев *қазақ қолөнерінің басты саласы – киіз үй жасау* – деп жазған еді [Андреев, 1998: 280 б.]. Ресей және Рим Ғылым Академиялары мен Корольдік ағылшын ғылыми жиналысының мүшесі П.С.Паллас 1766 және 1769 жж. Батыс Қазақстанда болып, Жайықтың шығыс жағына көшіп бара жатқан қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне байланысты «қазақтар киіз үйлерде тұрады, оған жиырма адам еркін сиып отырады», – деп атап өткен еді [Паллас, 1809:657 б.]. Санкт-Петербургтегі американ дипломатиялық миссиясының хатшысы 1873 жылы Самарадан Орта Азияға барар жолда қазақ жерінде болып, кейіннен *қазақ киіз үйі жайлы әсерін* тәптіштеп жазып, баспасөз бетінде жариялаған болатын. Киіз үй жайлы, көптеген авторлар түрлі жазбалар, мақалалар, зерттеулер жазып, киіз үйдің құрылысына таңданыс білдірген еді. Бір көзбен қарағанда киіз үй ескіліктің көзі, ал оның жеке бөліктері оңай жасалатындай көрінеді. Алайда киіз үй бізге ғасырлар шегінен жетті және осы уақыт ішінде оның жеке бөліктеріне түрлі өзгертулер енгізілген болатын. Тіпті бүгінгі күннің өзінде киіз үй малшылар мен ыстық аймақтағы отбасыларға қажетті тұрғын үй болып табылады. Киіз үйді жасауда әр түрлі шеберлер тартылды. Ағаш шеберлері үйдің сүйегін жасаса, әйелдер киіз бастырды. Ал үй іші жиһаздарынсыз киіз үйді көз алдымызға елестету қиын. Киіз үйдің жиһаздарына қажетті ілінетін түрлі заттарды тоқымашылар, киіз басушылар, тері өңдеуші шеберлер дайындады. Киіз үйдің сүйектерін дайындаумен арнайы үйшілер айналысты.

Мәселен, киіз үйдің ағаш қаңқасын (сүйегін) жасау үйшілік өнеріне жатады. ХІХ ғасырдың соңында жәрмеңкеге, қалаларға жақын, ағашы мол жерлерде киіз үйдің сүйегін жасаушылардың өзі *керегеші, уықишы, шаңырақшы* сияқты мамандықтарға бөлінген [Мұқанов, 2002: 304 б.]. Мұндай еңбек бөлінісі киіз үйдің жармалы ағаш есіктерін жасауда да бой көрсеткен, яғни кейбір шеберлер тек сәнді есіктер жасаумен айналысқан. Әрине, бұл пікірден үйшілік өнерінде түгелдей еңбек бөлінісі болған екен деген ұғым тумауы керек. Көптеген этнографиялық деректердің көрсетіп отырғанындай, ел арасындағы үйшілердің басым көпшілігі үй сүйегінің барлық бөлшегін түгелдей

өздері жасай білген. Кейбір шеберлер киіз үй сүйегін де, оның ішіндегі жиһаздарын да бастан-аяқ бір өзі жасап шығара берген. Қызға берілетін отау үй де бүкіл жасау-жабдығымен «он саусағынан өнері тамған» бірер шеберге ғана тапсырылған. Мұндай шеберлер әрбір көшпелі қауымда, әрбір ауылда дерлік болды. Киіз үйдің қаңқасы келесі бөліктерден тұрды:

*Кереге* – киіз үйдің қабырғасын құрайтын жиналмалы, тор көз тәріздес қанаттардан тұрады. Қанаттар жартылай шеңбер тәріздес орналасып, бір-біріне жалғаса отырып, киіз үйдің қабырғасын құрайды. Үйдің көлемі қанаттың санына сәйкес болады. Киіз үйде 4-5-тен 12-ге дейін қанат қолданылады. Кереге бір-біріне қиылыстыра орналасып, қайыспен өзара бекітілген сағанақтардан тұрады. Сол себепті, ол оп-оңай керіліп, қайта жиналып отырады.

Қазақ үйлерінің үлкен-кішісін керегелер санына қарай белгілейді. Академик Ә. Марғұлан өзінің *Қазақ үйі және оның жиһаздары* деген еңбегінде киіз үйлердің екі, үш қанаттан бастап он екі, он сегіз, отыз қанатқа дейін жететін үлкен түрлері болғандығын, бір үйдің керегелерінің басы 70-80-нен бастап 360-қа дейін болатындығын айтады. Қазақ үйлерінің сүйегі кереге, уық, шаңырақ, маңдайша, таяныш, табалдырық, босаға, сықырлауық деп аталатын ағаш құралдардан тұрады.

Киіз үйдің сүйегі арнайы дайындалған *үй ағаштан* жасалады [Қанафияұлы, 1991, 4 қыркүйек]. Соның бірі – кереге киіз үйдің шеңбер қабырғасын құрайды. Кереге жасау үшін шыбық талды кептіріп, оны қоламтаға төсеп балқытып, арнаулы үлгімен ырғақтайды. Үлгіге келген талды жонып, жұмырлап, жылғалап, жосамен бояйды. Көк өткізген жерін дақтап алып, үскілейді де, түйенің мойын терісінен жасаған таспамен көктейді. Жосаланған *үй ағашты* дақтау кезінде керегені желкөз немесе торкөз жасау жағы ескеріледі. Кең көзді кереге түйеге теңдеуге жеңіп болғанман, желге төзімсіз болады, ал тар көзді кереге тиеуге ауыр болғанымен, желге берік боп келеді.

Кереге арналып кесіліп, тезге салып иген, ішкі жағын бірнеше сызықты, бояу, сырмен кейде бас-аяғын күміспен күптеген ағаштарды тор көзден көктеп құрастыру арқылы жасалады. Оның әрбір бөлек қабырғаларын қанат деп атайды. Қанатқа көктелетін жеке-жеке ағаштарды кереге деп, қоспаларында болатын қысқа керегелерді сағанақ деп атайды. Керегелер торкөз, желкөз деп түрге бөлінеді. Торкөзді керегенің ағаштары жиі көктеледі, көздері тар, көбінесе 20-22 басты болып келеді. Желкөз сирек көктеліп, көздері кең, көбінесе бастары 17-21 болып келеді. Керегелер тез керіліп

жазылады, тез жиырылып жиналады және жайған кезде жарты шеңбер жасап дөңгелене қалады.

Қазақта *көнегі керегеге ілулі* қалыпты дейтін сөз тіркесі бар. Оның мәнісі – малы өліп, жұтап қалу дегенді білдіреді. Бұлқыншақты керегенің басына іліп қояды. Салт атпен жүргенде ердің алдыңғы қасында ілінеді немесе қол қанжығаға байланады. Жаяу адам иығына іліп алады. Бұл ыдыс малшы қауымның ыстық күндерде айран, шалап, қойыртпақ құюына мейлінше қолайлы. Ертеректе киіз үйдің түндігіне, туырылғы мен үзігіне, төсеніштер – өткііз, текемет, сырмақ – кесеқап, кереге қап, аяққап, тең қап, сандық қап, кебеже қап, уық қаптар; түрлі бау-шулар, өрмек жіптері т.б. бұйымдар дайындауға қой жүні пайдаланылған.

Уық – кереге мен шаңырақты жалғастырып, киіз үйдің төбесін құрайтын сырық ағаштар. Үйдің қанаты көп болған сайын, оған байланатын уықтың саны көбейіп, уықтарының ұзындығы ұзарады. Шаңырақ деп дөңгелек білеу ағаштан жасалған төр көзді шеңберді айтады. Ол киіз үйдің нақ төбесінде орналасады [Шаңырақ, үй-тұрмыс энциклопедиясы, 1990: 568 б].

Шаңырақ – киіз үйдің күмбезді төбесін құрайтын ең жоғарғы бөлшегі. Қазақ ұлқызына бата бергенде *шаңырағың биік болсын* деуі осыдан шыққан. Жалпы, қазақ шаңырақты қасиетті, киелі санаған. *Пәленшенің әулеті пәлен шаңырақ болыпты* деген сөз сол адамның үрім-бұтағының өскендігін көрсетеді. Сонымен қатар шаңырақ берекені, бірлікті де білдіреді. Бата-тілек бергенде, *Шаңырағың шайқалмасын* деп жатады. Отбасы тату-тәтті, бірлікшіл болсын деген сөз. Шаңырақты кепкен жұмыр қайыңнан иіп, қоспаларын қиыстырып, шегемен ұстатады. Шаңырақтың өн бойын *көк өріс* өрнектермен немесе *ырғақ, тіс, қошқар мүйіз* оюлармен безендіріледі. Киіз үйдің киелі мүліктерінің бірі – бақан болса, әдетте бақанмен шаңырақ шеңбері көлбей тіреледі. Мәселен, киіз үйдің шаңырағын ауыл-аймақтың ең қадірменді, батагөй қарттарына көтерту, киіз үйді жыққанда шаңырақты жолымыз болады деп көшетін жаққа қарай қисайтып түсіру киіз үйді айрықша тұтқандықтан. *Үй болу, шаңырақты сыйлау, шаңырақ шайқалу* деп келетін сөз тіркестерінің мағынасы да киіз үйді қасиет тұтумен астасып жатыр. Төсектер әр түрлі материалдардан жасалынып, беттері алтынмен, күміспен, сүйекпен бедерленіп ойылған, солай қымбат материалдармен көмкеріп істеу әр шаңырақтың әлеуметтің жағдайына байланысты. Кедей, жай шаруалар қарапайым төсекті қанағат тұтқан [Жәнібеков, 1993, 19 наурыз].

Шаңырақты керегенің қанат саны мен басына қарай мөлшерлеп, қайыңнан иіп немесе бірнеше иіндіні қималастырып шеңбер бейнелес етіп жасайды да, өн бойынан уық шаншатын төрт бұрышты тесіктер қашайды. Оны шаңырақтың көзі немесе қаламдығы дейді. Көздер керегенің басына, үш-үштен, кейде төрт-төрттен айқастырған бүгулі шыбықтар бар. Оны күлдіреуіш дейді. Олар жапқан түндік киізді көтеріп тұрады. Күлдіреуіштердің екі жақ басы шаңыраққа қашалады. Шаңыраққа қашалар тұсында оларды тізіп бекіткен тағы үш не төрт қысқа көлденең таяқшалар болады оны кекілдік дейді. Шаңырақтың шеңбері қырланып, иректеліп кейде күміс білезіктермен әсемделінеді.

*Есік (сықырлауық)* – екі жаққа айқара ашылатын табалдырыққа бекітілген қос қанаттан, маңдайша, босағадан тұрады. Киіз үйдің аталған бөліктерін жасауға ағаштың түрлі сорттары пайдаланылды. Киіз үйдің қанаттары мен уықтары шеберлердің қолында оңай майыстыруға ыңғайлы ағаштың жеңіл түрі талдан жасалды. Шаңырақ жас қайыңнан жасалса, босаға мен есіктер қарағайдан жасалды. Жарма есік пен шаңырақ ойылған өрнекпен өрнектелді. Киіз үйдің киіз бөліктері көлемі мен түрі жағынан әр түрлі төрт кесіндіден тұрады [Бөкенов, 1991, 22 наурыз].

*Туырлық* – киіз үйдің қабырғасын жауып тұратын киіз кесінді. Туырлықтың саны киіз үйдің көлемімен тығыз байланысты. Мысалы: алты қанатты киіз үйге төрт туырлық жабылады. Туырлық киіз үй бөліктерінің бірі. Киіз үйге уықтың қырынан асырып, үзіктің етегін ала керегенің аяғына дейін жабылады. Туырлықтың жоғары іштік шетіне кейде жалпақтығы 70-80 см-дей өрнектен жиектеме тігіледі. Ол шұғадан ойып жапсырылып, шет-шеті түрлі түсті жіппен кестеленеді. Туырлықтың қасы үзікпен астасып, үй ішіне әсем көрік беріп тұрады. Туырлықтың үстіңгі екі шетіне термелеп тоқыған бау тағылады да, сол баулар арқылы уық үстінен айқастырып тартылады.

Қазақ киіз үйлерінің негізінен «қышпақ үлгісі», «қалмақ үлгісі» деп аталатын екі түрі бар [Отарбаев, 1988, 24 маусым]. Оның біріншісі – иығы шығыңқы, мінсіз дөңгелек те, екіншісі, еңсесіз шошақ үй. Қазақ киіз үйлерінің *үзікті үй, көтерме туырлықты үй* деп аталатын да түрлері бар. Көтерме туырлықты үйдің де екі түрі болады. Көтерме туырлықты үйде бөлек үзік болмайды, оның орнына туырлық шаңыраққа бірақ жетіп тұратын биік қасты болып жасалады. Киіз үйдің сыртқы әбзелдері (туырлық, үзік, түндік) күн сәулесі мен тамшы өткізбеу, жылу сақтау қызметін атқарады. Уықтарды шанша жіппен ортасынан байлап, бір-бірінің арасын

жалғастырады. Осыдан кейін туырлық, үзік, түндік, киіз есік деп аталатын киізден жасалған бөлшектермен жабады да, баумен байлап бекітеді.

*Үзік* – киіз үйдің төбесін жауып тұрады. Үзіктің саны туырлықтың санымен пара пар келеді.

*Түндік* – шаңырақтың үстін жауып тұратын төрт бұрышты киіз кесінді.

*Киіз есік* – есіктің сыртынан жауып тұратын тік бұрышты киіз кесінді.

Киіз үй жасау көшпелі халықтардың көне заманнан келе жатқан қолөнерінің бір түрі, ол көшпелі елдердің арасында кең тараған мүлік [Мырзаханова, 2006, №9-10]. Киіз үйлер алты, сегіз, он екі, он сегіз, кейде одан да көп қанаттардан жасалатын болған. Олар туралы көптеген ғалымдар, саяхатшы зерттеушілеріміздің айтып, жазып кеткен еңбектері бар.

Киіз үйдің маңдай алды міндетті түрде шығар күнге қаратылып тігіледі.

Киіз үйді көзімен көріп, оған түнеп шыққан сырт жолаушының айрықша таңданыспен жазбағаны жоқ десе де болғандай. Мысалы; Қытайдың айтулы ақыны Бо Цзюйдің (772-846) *Киіз үй* деп аталатын өлеңін белгілі ақын Несіпбек Айтовтың аударуын да келтіріп көрелік:

*Киізіне жүні кеткен мың қойдың,*  
*Шаңырағы қайыңынан күнгейдің.*  
*Әрі берік, әрі ыңғайлы, әрі әсем,*  
*Дей алмаймын ағашына мін қойдым.*  
*Сайын дала оның мекен-тұрағы,*  
*Бірде көрсең, терістікте тұрады.*  
*Сарбаздармен бірге көшіп сағымдай,*  
*Бір қарасаң, түстік жақтан шығады.*  
*Шым жібектен мықты белдеу байлаған,*  
*Қозғалта алсын қандай дауыл, қай боран?!*  
*Кірсең жылы, іші қыз-қыз қайнаған,*  
*Көкжиектей дөп-дөңгелек айналаң.*  
*Тауқыметтің тартып едім талайын,*  
*Бұл киіз болды менің сарайым.*  
*Айлы түнгі көлеңкесі-ай көлбеген,*  
*Қыста онымен бірге өтеді сан айым.*

*Туырлықтың сыртын қырау шалса да,  
Ызғар өтпес боран соқсын қаншама.  
Сән-салтанат іші кірсең шыққысыз,  
Көрген пенде таңдай қағар тамсана.*

Киіз үйді көшпелі өмірге бейім, ағаш пен киізден тұратын, тез тігілгіш, жығылатын әрі жеңіл болғандықтан ата-бабаларымыз мыңдаған жылдар бойы пайдаланды. Киіз үйдің сүйегі кепкен, сымбатты жақсы ағаштардан жасалынып, негізгі үш бөлікке бөлінеді – шаңырақ, уық, кереге.

Көшпелі қазақ үшін киіз үй уақытпен кеңістікті болжаудың әмбебап *аспабы* болған. Мәселен, көшпелі елдің шаруашылық жайына орай айтылатын уақыт белгілері *таңқараңғысы, алакөбе, құлан иек, алакеуім, таңрауандау, күншыға, күн тұсау бойы көтеріле, күніргеден көтеріле, күн иық қашыға, күн тас төбеге шыға, күн ауа* немесе *күн бата* т.б. деп межеленсе, осындағы күн көзі көрінгеннен бастап, батқанға дейінгі уақыт мөлшерін белгілеудің діңгек нүктесі киіз үй екені, оның өн бойы екені аңғарылады. Уақыт мөлшерін анықтау да киіз үйдің ішіндегі мүліктер қалыптасқан бәрі де уақыт болжау да дәнекер бола алады. Мұның өзі, қазақ киіз үй ішіндегі мүліктері тәртіппен жиналады деген сөз. Мәселен, маңдайы шығар күнге қараған киіз үйдің кіреберіс оң жағына ши тұтылып, оның ішіне таға мен ыдыс аяқ қойылады. Ал сол жаққа атқа ер-тұрман, қару-жарак, ат әбзелдері ілінеді. Төрге қарай жүк аяқ қойылып, әр түрлі көлеммен деңгей де жүк жиналады. Үйдің ортасында, сәл ғана есікке ойыса от жағылады. Осы дәстүр үлкен әлем аясындағы жұлдызнамасына сәйкестендірілген. Мәселен, киіз үй тұрғындары жатқанда өзінен өзі басын төрге, солтүстік-батысқа, яғни Темір қазық жұлдызына қаратады. Сол сияқты киіз үйдің киелі мүліктерінің бірі – бақан болса, әдетте бақан мен шаңырақ шеңбері көлбейтірел еді.

Б. Залесский «Қазақ даласының өмірі» атты еңбегінде: «көшпелі қазақтар басқа да мал бағып тіршілік ететін тайпалар сияқты үскірік аяздан, аптапты ыстықтан өздерін қорғайтын, сонымен бірге бір жерден екі жерге жұрт ауыстырғанда лып еткізіп жинап, тез тұрғыза қоятын баспана ойлап табуға мәжбүр болған. Бұл талапқа олардың киізүйлері қалтықсыз сай келеді. Торкөзді қып жасалған керегелерді дөңгелентекерген соң, ортаға күмбез сияқты шаңырақты бақанмен ұстап тұрады да оған уықтарды шаншып, керегенің

басына бекітіп байлайды. Сыртын түйе жүннен басқан киіз туырлықтар мен жапқан соң қазақтың баспанасы даяр болады» - деп жазады.

Өзбекәлі Жәнібеков: *Үйлесімі жарасқан* атты мақаласында: *...қыпшақ, қазақ киіз үйлері монғолдың гарэ мен салыстырған да керегесі биіктеу, уығының төменгі жағы иіңкі болатындығы мен күмбезі көтеріңкі келбеті сымбатты болып келеді* - деп, баға берген.

### **3. КИІЗ ҮЙДІҢ СҮЙЕКТЕРІ.**

Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Берік, төбесі жадағай емес, күмбез болып келгендіктен жаңбыр өтпейді, жинап тігуге оңай. Киіз үйдің негізгі қаңқасын (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық) сүйегі деп атайды. Киіз үйдің сүйегі жасалатын «үй ағашты» алты ай немесе бір жыл бойы даярлайды.

*Кереге* – киіз үйдің негізгі қаңқасын құрайды. Керегенің әр ағашын желі, ал керегелік желінің ең ұзынын ерісін, қысқалауын – балашық, ең қысқасын – сағанақ деп атайды. *Уық* – кереге басы мен шаңырақты ұстастыратын ағаш. Ол сәмбі талдан жасалады. Уықтың кереге басына байланатын жағы жалпақтау, имектеу болып келеді, мұны уықтың иіні деп атайды. Уықтың жоғары түзу жағын қары, шаңырақ көзіне сұғынатын төрт қырлы ұшын қаламы дейді. Уықтың кереге басына байланатын жағын тесіп, бау өткізеді, оны уық бау дейді. Шаңырақ – киіз үйдің еңсесін құрап, тұтастырып тұратын күмбез. Оны көбіне тораңғыдан, жұмыр қайыңнан иіп қиюластырады, қоспаларын жылтырауық металмен, күміспен құрсайды. Шаңырақтың дөңгелек шеңберін тоғын дейді. Оған уық сұғынатын төрт қырлы көз – қаламдықтар теседі. Түндікті көтеріп тұру үшін және киіз үйдің төбесіне жауын-шашын іркілмеуі үшін 45 градус шамасында айқастыра бекітілген ағаштарды күлдіреуіш деп атайды.

*Сықырлауық* (жарма есік) кереге шеңберін тұйықтап, киіз үйге кіріп-шығатын есік қызметін атқарады. Ол табалдырық пен маңдайшадан, қос босағадан және жарма беттерден құралады. Киіз үйді тігу үшін ең алдымен ауыл азаматы сықырлауықты құрып ұстап тұрады. Одан соң оң босаға жақтан бастап кереге керіліп байланады. Кереге құрып болған соң ауыл азаматының бірі (ер адам болу керек) бақанмен шаңырақты ортаға көтеріп ұстайды. Осы кезде қыз, келіншектер уық шаншып байлай бастайды. Киіз үйді тігуге ауылдағы бар жастар ұйымдасқан түрде қатысады.



**Киіз үйдің ішкі баулары.** Киіз үйдің сүйегін бір-бірімен ұластыру мақсатында бау-құрлар қолданылады.

*Таңғыш* – екі керегенің сағанағын (жігін) кіріктіріп таңатын өрнекті жіңішке құр.

*Бас арқан* – керегенің басын сыртынан бастыра орап таңатын қыл арқан. Шалма – уықтарды ығып кетпеуі үшін шалмалап байлайтын құр. *Желбау* – өрнекті, төгілме шашақты құр, шаңыраққа үш жерден байланып, керегеге асылады, киіз үйге сәндік жиһаздық сипат береді. Оның негізгі міндеті – дауыл кезінде шаңырақты салмамен басып тұру. *Басқұр* – киіз үйдің ішін безендіру үшін, әр туырлықтың кереге басына үйкелмеуі үшін уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып тағатын, өрнекті жалпақ құр. Үзік бау – үзіктің екі жиегінен екі немесе үш жерден айқастыра тартып керегеге байлайтын жалпақ терме бау. *Бел-бау* – туырлықтың керегеге тығыз жатуы және жел көтеріп кетпеуі үшін сыртынан бастырып буатын қыл арқан.

Киіз үйдің түрінде түрлі-түсті жібек жіптермен кестеленген түскиіз, төселген оюлы сырмақ, текемет, кілемдермен қатар ерекше көзге түсетін басқа да жабдықтар бар. Ол – өрнектеліп тоқылған басқұр мен баулар. *Басқұр* жасалуына орай *ақ басқұр* және *ала басқұр* деп екі түрге бөлінеді. **Ақ басқұрдың** тоқылуы мен өрнектелуінде ала басқұрдан үлкен айырмашылығы болады. Біріншіден, ақ басқұр ақ түсті жіптен қақпа алаша тоқылу әдісімен тоқылған өрмек үстіне түкті кілем тоқу мәнерімен өрнектеледі. Екіншіден, әр өрнек суреті бірін-бірі қайталамайтындай композициялық түрде тоқылады.

*Ақ басқұр* – киіз үйдің сәндік үшін пайдаланатын ішкі жабдығы. Ол ала басқұрдың жоғарғы жағынан бір босағадан екінші босағаға дейін керіледі [Кейкин, 2000: 19 қазан].

Жоғарыда айтқандай, ақ басқұрдың сәндік ерекшелігін арттыра түсу мақсатында ақ түске түрлі түсті қызыл, сары, көк, жасыл жіптермен термелеп күрделі өрнектер салады. *Ала басқұр* – терме алаша әдісімен өрнектеліп тоқылады. Бұл басқұр сәндігімен қатар киіз үйдің керегесі мен уығының біріккен жерін жасыру мақсатында жасалады.

Ала басқұрдың тоқылу әдісі терме алаша тоқылғандай, өрмек құрып, әр түсті жіптерден терме теріп, өрнектердің алуан түрі пайдаланылады. Басқұрдың қай түрі болса да ұзындығы 8-15 метр, ені 25-40 сантиметрден аспайды. Жалпы, басқұрдың ұзындығы керегенің қанатының санына қарай тоқылады. Киіз үй ішіндегі көркемдік, сәндік түрін байыту жағдайын толықтыратын әр түрлі баулар болады. Олар:

*Желбау* – киіз үйдің шаңырағын қатты жел аударып кетпес үшін шаңырақтың күлдіреуіш ағашынан төмен тартып бастыруға пайдаланатын шашақты бау. Кейде бұл

бауды салма бау деп те атайды. Әр бау түрлі түсті жіптерден шашақтан, төрт қатар есу, өру әдісімен шашақталып бітеді. Жел баудың ұзындығы екі құлаштай болады. Ол үшін түрлі түсті (мысалы, сары, қара, ақ) жүнді үш бөлек етіп қолмен есіп алады. Сонан соң жіптердің үш басын біріктіріп байлап үш өрмелеп (қыздың шашын өргендей) өреді. Жел баудың керекті жеріне қамшы өріміне ұқсас, екі жіпті бір қосып ұзындығы 40 см етіп есіп, ортасын тұйық қылып бірімен-бірін тағы біріктіріп ескенде, төрт қатар жіп болады. Осы жіптің бір шетіне бөлек-бөлек дайындалған үш шашақты жалғайды, екінші шетінің тұйығының көзінен жел баудың бір жібін өткізіп жалғап алып, әрі қарай өре береді. Келесі шашақты да осылай жалғайды. Төр шашақтың арасы 25-30 см болады. **Басбау** – туырлықтың, үзіктің жүннен есіп жасалған жоғарғы баулары. **Иінбау** – киіз есіктің екі жақ иініне ілінетін өрнектеп тоқылған құр бау. **Аяқбау** – киіз үй ішінде сәндік үшін уықтың иінінен төрт жерден байланатын, шашақталып жасалған бау. Аяқ бауды салма бау деп те атайды. Дайындау жолы жел бауға ұқсайды. **Уықбау** – керегенің бастарына уықтың аяғын бекітетін бау. Түрлі түсті жүннен есіліп, өріліп жасалады. **Уық шалғыш бау** – уықтардың арасын қашыртпау үшін уықтың иілген иығынан таңып байлайтын бау. Кейде бұл бауды иық бау деп те атайды. **Таңғыш** – екі керегенің қанатының қосылған жерінің жігін біріктіріп байлайтын термелеп тоқылған жіңішке құр. **Босаға таңғыш** – киіз үйдің есігінің екі босағасын керегемен біріктіріп таңатын жіңішке құр.

**Киіз үйдің шилері.** Кереге мен туырлық арасынан айналдыра тұтылатын шилер туырлықты кереге көгінің жылуынан қорғап, киіз үйдің сырт пішінін жұмырлай түседі. Қой жүнін бояп, әшекейлеп орау арқылы тоқылған шиді шым ши деп атайды. Ши кейде тамақ қоятын сол жақ босағаға да тұтылады. Киіз үйдің сыртқы жабдықтары күн сәулесін және тамшы өткізбеу, жылу сақтау қызметін атқарады. Оларды пісірген ақ шаңқан киізден пішіп, ою-өрнектермен безендіреді. Туырлық – керегенің іргесінен уықтың ортасына дейінгі жерді, үзік кереге басынан шаңырақ шеңберіне дейінгі аралықты жауып тұрады. Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сыртқы киіз, ортасы ши, астары жарғақ теріден жасалады. Түндік – шаңырақты, киіз есікті туырлық шетін бастыра жабылады. Түндіктің төрт бұрышына түндік бау байланады. Түндікті ық жақтан қайырып ашады, әйтпесе жел көтеріп, желпіп кетуі мүмкін[Қасиманов, 1993, 2 сәуір].

Қазақтың қошқар мүйіз өрнектері демекші қошқар мүйіз салынған мынадай басқұрлар біріншіден, киіз үйдің керегесі мен уығының біріккен жерін жасыру

мақсатымен жасалса, екіншіден сәндік жиһаз есебі болып та саналады. Сондықтан оны термелеп өрнек салып әсемдеп тоқыған. Бірнеше құлаш басқұрды теңдей етіп бөліп қатарынан құраса, әдемі терме алаша болып шығады. Мұндай тоқыма алаша бұйымдар күнделікті тұрмыста қазір де көп қолданылады. Жел бау шаңырақты көтерген кезде тепе-теңдікті сақтау үшін қолданылатын жіңішке бау. Олар әр түрлі болып шашақтармен безендіріліп жасалады Киіз үйдің маңызды көрсеткіштерінің бірі ішкі көрінісі. Ішкі жиһаздары киіз үй күмбезінің иінішіне киіз астынан берілетін, иірілген жіптен тоқылатын кілем, басқұрдан, кереге мен уықтың қиысатын тұсында тұтылатын терме басқұрдан, сәндікке ілетін шаңырақ бау, уықбау, желбау салпыншақтарынан, шаңырақ қоршау, туырлық, үзік жолақтарынан, тіптен керегенің сыртына туырлық астынан тұтылатын орама шиден және т.б. тұрады. Киіз үйдің ішінде ағаштан жасалған бұйымдар: тесағаш, ыдыс жинайтын асадал, азық-түлік сақтауға арналған кебеже, киім-кешекке арналған сандық, сондай-ақ ет жейтін астау, табақ, тостаған, шара, ожау және т.б. болды. Ал, теріден жасалған ыдыстар қатарында, түскиіз, торсық, саба, жағлан және т.б. кездесті. Темір ұсталары киіз үйге қажет бұйымдардан, атап айтқанда қазанға арналған мосы, шәйнек пен шәугімді мыстан дайындады. Ал қолөнер шеберлері түскиіз, көрпе-төсек жапқыш, шымылдық, жастық дайындаса, тоқымашылар түрлі төсеніштер тоқыды. Бір қарағанда киіз үйдің іші ешқандай бөлікке бөлінбейтін көрінгенмен, ондағы барлық заттардың өз орны бар. Ғасырлар бойы қалыптасқан киіз үйдің ішкі көрінісі бүгінгі күнге дейін еш өзгеріссіз жетті. Біздің ата-бабаларымыздың киіз үйдегі тұрмысы жайлы этнографиялық материалдар мен өткен замандағы авторлар мәліметтерінен білуге болады.

Кіре беріске қарама-қарсы орын «төр» – деп аталады. Төрге ең сыйлы қонақ немесе жасы үлкен адам отырады. Төрдің артын алып үстіне көрпе-төсек жиналған жүкаяқ орналасады. Үйге қонақ келгенде төрге ең жақсы көрпелер мен жастықтар төселеді. Кіре беріс босағаның екі жағының екі түрлі шаруашылық маңызы бар. Сол жақта азық-түлік (ет салынған кебеже, қымыз құйылған саба), ас үйлік ыдыс-аяқтар орналасса, оң жақта аттың әбзелдері мен ер-тұрман орналасты. Сол жақ босағадан жоғарырақ үй иелері демалатын арнайы шымылдық ұсталған төсек ағаш қойылатын. Ал оң жақ босағадан жоғарырақ жерде отбасының жас мүшелері орналасты. Бұдан көретініміз киіз үйге қойылатын жиһаздар керегенің бойын ала орналасатын болған.

Қазақ жерінде болған жат жерлік авторлардың пайымдауынша қазақтар ою-өрнек әлемінде өмір сүрген. Кез келген зат, оның көлеміне қарамастан, шәйнек қаптан текемет, кілемге дейін ою-өрнекпен әрленетін. Бояуларының қанықтылығы, заттың жасалу техникасы қазақтың қолданбалы қолөнерінің негізгі ерекшеліктері болып табылады. Сондай-ақ, ою-өрнекпен аяқ қап, жастық, төсек қап, абдыра жапқыш, кесе қаптар да әрленді. Өрнекті салуда түрлі технологиялар: сыру, құрау, кестелеу, бастыру қолданылды. Текеметтер мен сырмақтар киіз үйдің еденіне төселсе, қоржындар керегеге ілінді.

Қазақтар өздерінің киіз үйлерін тұрмысы мен табиғи ортаға ғана бейімдеп қоймай, оған өзіне тән әдемілік те берді. Қазақ қоғамындағы экономикалық теңсіздік әлеуметтік жағдаймен байланыса отырып тұрғын үйге де әсерін тигізді. Киіз үйдің сыртқы көрінісі мен ішкі жасауы үй иесінің тұрмыс жағдайымен тығыз байланысты болды. Қарапайым қазақтардың киіз үйі төрт қанатты болып келсе, байлардың киіз үйлері алты, сегіз-тоғыз қанатты болып жасалды. Ірі байлар киіз үйлері мен хан ордалары он екі қанатқа дейін жетті. Әрине, олардың ішкі жасауында да соншалықты көп айырмашылық болды. Осындай ерекшеліктеріне қарамастан киіз үй ғасырлар бойы қазақ- тардың негізгі тұрғын үйі қызметін атқарып келді. Белгілі шығыстанушы Л.Н.Гумилев киіз үй жайлы: «Тастан немесе саздан жасалған үйдің киіз үйден көп артықшылығы бар деген пікірді әлі ешкім дәлелдеген емес. Киіз үй жылы, әрі керек кезінде бір жерден екінші жерге оңай көшіріледі. Тұрмыс тіршілігі тікелей табиғатпен байланысты көшпенділер үшін мұндай үйде тұрудың аса қажеттілігі бар» - деген екен. Көшпенділік тұрмыста киіз үйдің ролін басқа ешқандай тұрғын үй атқара алмайды.

*Қос* – қазақтағы киізбен жабылатын баспананың алғашқы түрлерінің бірі қос. Сырты жонылып, тәртіпке келтірілген, ұштарында басын қосып байластыратын қайыс, жіп өткізетін арнайы тесіктері бар, 2,5-3 метрдей сырықтардан құрастырылатын болған. Сырықтарды іштен дем тартатын түтікпен қоса байластырып орнынан тұрғызғаннан кейін, араларын ашып жерге тіреп, екі туырлықпен немесе арнайы пішілген үзікпен жауып, ірге жағын бел арқанмен бастыра салады екен. Киіз баспананың бұл түрінің оңтайлылығы сонша, көшіп-қонғанда сырықтарын түйеге тендеп, үстіне киізін, малшының көрпесіне, қазан-ошағын артып кете беретін болған[Джанибеков, 1982: 144]. Қосты көбіне жылқы, сиыр малын жазда қысқы қоныстан 2-3 күндік өріске шығарып бағатын жылқышылар мен бақташылар уақытша баспана ретінде пайдаланған. Ал көшпелі

ауылдың құрамында киіз үйге қосалқы ретінде қазан-ошақ, ыдыс-аяқ қоятын, астық сақтайтын, құрт, ірімшік қайнататын орын немесе қойшы-қолаң үшін баспана ретінде пайдаланылған. Қостан киіз үйге өтетін баспана – күрке, абылайша түрінде, кепеден қоржын үйге өтетін баспана – қақыра (бастапқы аты белгісіз) түрінде болғаны даусыз. Қостың сырықтарының ұшы енді бұрынғыдай бір буда шөппен байластыра салынбай, ортасында түтін шығатын тесігі бар шығыршыққа кигізілетін кейіпке енген. Алайда қостың ортасына қарай еңкіш қабырғасы уақытша пайдаланудың талаптарына сай келгенімен, көшпелі қауымның өмір бақи тұрып, күнелтуіне ыңғайсыз екені көріне бастаған. Сырықтардың ұшы енді арнайы тесіктері бар шеңберге (шаңырақтың бастапқы түрі) қадалатын болғандықтан қостың қаңқасы түзеле түскен.

Қоста шаңырақтың пайда болуы баспананың бұл түрінің түбегейлі өзгерістерге түсуіне жол ашқан. Оның сырықтары енді екіге бөлініп, төменгілері бірте-бірте бір бірімен қабыстырылатын керегенің, жоғарғылары шаңыраққа қадалатын таяқшалардың (уықтардың) кейпіне ене бастаған. Осылай кереге, уықтардың бастапқы түрлері пайда болған. Жүздеген жылдар өткеннен кейін күркенің (қостың) қабырғасы қазіргі киіз үйдікіндей, оп-оңай құрастырылып-ажыратылатын торкөз қабырғалардан (керегелерден), оларға байластырылатын, түп жағы иіңкілеу болып келетіндіктен құрылығына күмбез келбетін беретін уықтардан, шаңырақтан, маңдайша, табалдырық, босағадан құрастырылатын екі жаққа айқара ашылатын ағаш есіктен (сықырлауық) тұратын қалыпқа келгені қазақтың киіз үйін аса мұқият үйлестірілген құрылыстардың қатарына қосқан.

Ұлттық қолөнеріміздің баға жетпес байлығы киіз үй қолдануға ыңғайлы, тасымалдауға жеңіл, ұлан-байтақ даланың табиғаты мен тұрмысына бейімделген ерекше баспана. Киіз үйдің қаңқасы ағаштан жасалса, ал жабындысы, бау-басқұры, жасау-жабдығы мал шикізатынан, яғни жүннен дайындалған. Демек киіз үйдің ішкі сән-салтанатын келтіретін бұйымдардың барлығы дерлік әйелдердің қолынан шыққан туындылар болып табылады. Киіз үйдің киізіне қарай ақ үй, боз үй, қара үй деп бөлінген. Киіздер ақ, боз қойдың жүнінен басылып, ешкінің қылынан есілген жіппен жиектелген.

*Киіз үй атаулары.*

1. Абылайша. Керегесіз, уықты тігінен тұрғызып тіккен шағын киіз үй.
2. Ақ шаңқан үй. Сүттен ақ, аппақ киіз үй.
3. Ақтағыр. Екі қанатты, екі үзікпен жабылатын шағын киіз үй.

4. Жаппа үй. Уыққа киіз жауып, уақытша тігілген шошақ үй.
5. Қара құрым үй. Киізінің тозығы жеткен, ескі үй.
6. Қара үй. Киіз үйді кейбір жерде қара үй деп аталады.
7. Қараша үй. Қоңыр түсті, жыртық, тесік, ескі үй.
8. Орда. Еңселі, салтанатты киіз үй.
9. Отау. Ұлға енші беріп, бөлек шығарған киіз үй.
10. Тоңқайма. бірнеше уықпен ғана көтерген киіз үй.
11. Ұраңқай. Уық тәрізді сидам ағаштардан басын түйістіріп тігілген үй.

**Кесте 1. Киіз үйдің сүйегі**

1.	2.Сүйегінің бөліктері.	3. Құрамдасбөлшектерініңатауы.
1.	Шаңырақ.	1.Бақалақ. 2. Күлдіреуіш. 3. Қаламдық. 4. Табақ. 5. Тарам. 6. Тоғын.
2.	Уық.	1. Қалам. 2.Қары. 3. Иін. 4.Уық бау.
3.	Кереге.	1. Балашық. 2. Ерісі. 3. Желі. 4. Көк. 5. Қанат. 6. Сағанақ.
4.	Сықырлауық.	1.Босаға. 2. Жарма бет. 3. Маңдайша. 4. Табалдырық.

Дереккөз: [Муканов М.С. 1981: 224.]

**Киіз үй жиһаздары.**

1. Абажа. Ас, тағам салуға, арналып жасалған сандықтың (кебеженің)үлкен түрі.
2. Абдыра. Киім-кешек, әр түрлі бұйымдар салатын үлкен сандық.
3. Ағаш төсек. Жату үшін пайдаланылатын үй жиһазы.
4. Адалбақан. Киім және тағы басқа үй мүліктерін ішуге арналған жиһаз.
5. Асадал. Тамақ пен ыдыс-аяқ сақтауға арналған үй жиһазы.

6. Бөгіре. Кішкене қол сандық (шай жабдықтары үшін).
7. Жағылан. Былғарыдан істелген сандық.
8. Жазы. Жерге отырып, тамақ ішуге арналған аласа үстел.
9. Жүкааяқ. Жүк астына қоятын төрт аяқты бұйым.
10. Кебеже. Ас, тағам салуға арналып, ағаштан жасалған үлкен сандық.
11. Сандық. Әр түрлі бұйым салуға арналып, ағаштан не металдан жасалатын үй жиһазы.

#### 4. ДАЛАЛЫҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫ. ЖАҢААРҚА АУДАНЫ

*Қараганды облысы, Жаңарқа ауданының тұрғыны F. Оспановтың мәліметі.*

*- Киіз үйдің қандай бөліктерін білесіз және олар бір сөзбен қалай аталады?*

- Киіз үй – мал баққан көшпелі халықтардың қысы-жазы отыратын өте қолайлы және төзімді баспанасы. Ол тез құрылып, тез жиналады. Қыста жылы, ал жазда салқын болады. Көлеміне және сыртқы кейпіне қарай әр түрлі болып келеді.

Киіз үйдің негізгі бөліктері қаңқасы немесе киіз үйдің сүйегі деп аталады. Олар: *кереге, уық, шаңырақ есік немесе сықырлауық*. Бұлар көлеңкеде кептірілген талдан, жіңішке қайыңнан немесе теректен жасалады. Киіз үй жасаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оны тек шебер – үйші жасайды.

Киіз үйді тігу оңай емес. Алдымен керегені жаяды. Керегенің биіктігі екі метрдей болады. Керегенің әр бөлігін – қанат деп атайды. Қанат саны үй көлеміне қарай көбейе береді. Киіз үй төрт, алты, сегіз, он екі қанатты болады. Ал, хан ордасының қанат саны отыз, отыз екіге дейін жеткен.

Осыдан кейін шаңырақты көтереді.

*- Қазақ халқының өмірінде шаңырақ қандай мән-мағынаға ие?*

- Қазақтың өмірінде шаңырақтың маңызы зор. **Шаңырақ** – үй, әулет мағынасында да пайдаланылады. Оны «қара шаңырақ» деп атайды. Ұл бала әке шаңырағының иесі, мұрагері болып саналады. Киіз үйдің басқа сүйектері ескірсе, жаңартады, ал шаңырақты жаңартпайды. Әдетте шаңырақты үй иесі, ер адам көтереді. Үлкен киіз үйлердің шаңырағын ат үстінде тұрып бақанмен көтерген. Бақан – бір ұшын екі аша етіп жасаған екі сырық. Сонан соң уықтарды шаншыған. Уықтардың кереге басына байланатын жағы жалпақтау болып келеді. Және сол жерді тесіп бау өткізеді.

Оны «уық бау» деп атайды. Осы бау арқылы уық, пен кереге басын біріктіріп байлайды. Шаншылып біткен уықтың сыртынан айналдыра құрмен шамалап таңады.

Шаңырақтан кейінгі ерекше қастерленетін бөлшегі – босаға. Ол табалдырық пен маңдайшадан тұрады. Ал, есіктің екі жақтау ағашын «таяныш» дейді. Оған сықырлауық орнатылады.

**- Осы орайда сықырлауық, түндік туралы мәлімет бере кетсеңіз...**

**- Сықырлауық** – киіз үйдің өте әшекейленіп жасалатын сәнді есігі. Бұл ортасынан ашылып-жабылатын жарма есіктерге ұқсас. Ол екі таянышқа ілмек арқылы ұстасады, ашып-жапқанда сықырлап тұрады, Сондықтан да ол сықырлауық деп аталып кеткен.

Осыдан кейін үйдің киізін жабады. Киіздің төрт түрі бар. Олар: туырлық, үзік, түндік, киіз есік. Алдымен туырлықты кереге керіп ұзын баулары арқылы уыққа бекемдеп байлайды. Сонан соң бақанның көмегімен үзік пен түндікті жабады. Үзік кереге басынан шаңырақ шеңберіне дейінгі аралықты қамтиды. Атауына сай олар үзік-үзік киізден тұрады.

**Уық** – шаңырақ пен керегені қосып, байланыстырып тұратын иінді ағаш. Уықтың саны, кереге басының санына байланысты болады және киіз үйдің көлемі, қанатына сәйкес өзгеріп отырады.

**Кереге** – үйдің қанат санын білдіретін тор, не жел көзді етіп жасалған киіз үйдің негізгі бөліктерінің бірі. Уыққа қарағанда керегенің жасалу жолдары күрделі, көптеген заңдылықтарды білуді қажет етеді. Киіз үйдің ағаштарын жасаған шеберлерді «үйші» деп атаған. Кереге мен уықты жасауға көк талды, қара және сәмбіл талдарды, қайыңды пайдаланған. Қатты желде мықты болуы үшін байлар, ауқатты адамдар киіз үйді жақсы қайындардан жасатқан. Киіз үйдің сүйегін жасауға арнаулы құрал-саймандар тез, ыруыш, сызғы, балта, шапашот, үскі, жоңғы, ырғақ, сықаурын пайдаланады

**Түндік** – шаңырақты, киіз есік сықырлауықты жауып тұрады. Түндік арнаулы бояу арқылы оңай ашылып-жабылады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарғақтеріден жасалады. Ол шиыршықтап түріп қоюға ыңғайлы.

**Киіз үйдің іші екіге бөлінеді.** Олар: төр жақ (төрдің оң жағы, сол жағы) есік жақ (оң босаға, сол босаға). Қазақ халқы киіз үйдің ішін әсемдеп безендірген. Желбау өрнекті, төгілме шашақты құр, шаңыраққа үш жерденбайланып, кереге асылады. Ол киіз үйге сәндік-жиһаздық сипат береді. Оның негізгі міндеті – дауыл кезінде шаңырақты салмамен басып тұру.



Әдетте, үйдің оң жағына ағаш төсек орнатылып, оның тұсына түскиіз ұстап, шымылдық құрады. Төрге жүкаяқ, оның үстіне абдыра (сандық) қояды.

Абдыраға көрпе-жастық тағы басқа жүктерді жинайды. Үйдің сол жағына тамақ салатын кебеже, қазан-аяқ салатын аяққап, ыдыс-аяқтар (саба, торсық, ожау, кесе, тостақ және т.б.) қойылады да, осы араны шым шимен қоршап жабады. Бұл «ас-су бұрышы» деп есептелінеді. Ал, үйдің ортасына тамақ асатын ошақ (таған) немесе темір пеш орнатып қояды. Киіз үйді осылай әр отбасы өз қалауларына безендіріп, жабдықтаған. Жабдықталған үйдің сәнді, әдемі болуы үй иелеріне байланысты [информант, Ғ. Оспанов, 2008].

### **ҚОРЫТЫНДЫ**

Киіз үйге қатысты зерттеулердің көпшілігін этнографтар, антропологтар, тарихшылар, сәулетшілер, мәдениет зерттеушілері және дәстүрлі қоғамдарды зерттейтін мамандар жүргізген. Бұл түрдегі ғылыми зерттеулер көбінесе киіз үйдің құрылымын, қызметін және символикасын толық түсіну үшін әртүрлі салалардағы білімдерді біріктіретін пәнаралық көзқарасты қамтиды. Жеке зерттеулерді Қазақстанның, Орталық Азия елдерінің ғалымдары да, Орталық Азия халықтарының этномәдени ерекшеліктерін зерттеуге мүдделі әлемнің басқа аймақтарының зерттеушілері де жүргізе алады.

Этнография аясындағы зерттеу киіз үй ішіндегі қоғамдық құрылыстың ерекшеліктерін ашады. Қауымдастық ішіндегі рөлдер мен өзара әрекеттерді талдау қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени аспектілеріне, сондай-ақ әлеуметтік нормалар мен мағыналардың эволюциясына жарық түсіре алады. Қазақ халқының мәдени болмысын танытуда киіз үй басты рөл атқарады. Киіз үйдің символизмі, безендірілуі және дизайн ерекшеліктері дәстүрлерді сақтаудың және мәдени құндылықтарды жеткізудің маңызды құралына айналады.

Киіз үй ішіндегі кеңістіктің құрылымы мен ұйымдастырылуы қазақ қоғамындағы әлеуметтік нормалар мен рөлдерді көрсетеді. Киіз үй – ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтуға көмектесетін отбасылық басқосулар, салт-дәстүрлер мен мерекелер орны. Киіз үй салуға арналған киіз үй мен ағаш сияқты дәстүрлі материалдар мен технологиялар табиғи ресурстармен мәдени тәжірибенің тұрақтылығын және экологиялық тепе-теңдікті сақтауды көрсетеді. Зерттеудің нәтижелерін қазақ халқының

мәдени ерекшеліктерін тереңірек түсінуге негіз бола алады және қазіргі қоғамдағы дәстүрлерді сақтау және жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін.

### **Қосымша:**

Осы тұрғыда қазақ қоғамының мәдени және тарихи аспектілерін бейнелейтін бірегей ерекшеліктерді анықтай отырып, осы тұрғын үйдің архитектурасының, әлеуметтік-мәдени маңызы мен функционалдық аспектілерінің ерекшеліктері талданып, қазақ халқының дәстүрлі тұрғын үйі-киіз үйге қатысты этнографиялық материалдары:

Сурет 1. Дәстүрлі киіз үйдің алдыңғы көрінісі



[Дереккөз: Сарыарқаның қолданбалы колөнері, 2010 жыл].  
[Дереккөз: Сарыарқаның қолданбалы колөнері, 2010 жыл].

Сурет 2. Дәстүрлі киіз үйдің алдыңғы көрінісі



Сурет 3. Киіз үй алындағы бойжеткен



Сурет 4. Киіз үйдің жанындағы саятшы



[Дереккөз:Ресей этнографиялық мұрағатынан], [Дереккөз: Қарағанды қаласындағы Наурыз мейрамында түсірілген фотосурет, 2018 жыл].



Сурет 5. XX ғасыр. Киіз үйдің жанындағы көрініс



[Дереккөз: Сарыарқаның қолданбалы қолөнері, 2010 жыл].  
[Дереккөз: Сарыарқаның қолданбалы қолөнері, 2010 жыл].

Сурет 6. XIX ғасыр. Киіз үйдің ішіндегі ауқатты адамдар



Сурет 7. Киіз үй алдындағы көрініс



[Дереккөз: Ақтоғай ауданындағы экспедиция материалдары, 2010 жыл].  
[Дереккөз: Саяхатшы жазбасының веб сайтынан алынды, <https://bangkokbook.ru>. 10.01.2024].

Сурет 8. Бес қабатты киіз үй



Сурет 8. Киіз үйдің ішкі көрінісі.



[Дереккөз: Қазақ киіз үйі Германияда өткен көрмеде. <https://inbusiness.kz>. 11.01.2024].

## **EXTENDED SUMMARY**

This ethnographic study meticulously explores the traditional Kazakh dwelling, the yurt, offering an in-depth analysis of its historical, cultural, and architectural dimensions. The research delves into the evolution of the yurt, unraveling the intricate changes in its structure, materials, and functionality over different periods of Kazakh history.

A notable facet of the study is the examination of the impact of natural and climatic conditions on the development and adaptation of the yurt. By scrutinizing environmental factors, the research sheds light on how the nomadic lifestyle of the Kazakh people influenced the design and construction of the yurt, making it a resilient and adaptable dwelling.

The analytical framework employed in this research involves a comprehensive review of existing literature, including the works of various scholars. By critically analyzing methodologies and findings from previous research, the study positions itself within the broader context of ethnographic studies on traditional dwellings.

Archaeological findings play a pivotal role in reconstructing the history of the yurt. Through detailed archaeological analysis, the study explores stratigraphy, artifact contexts, and architectural evolution. This multidisciplinary approach, combining archaeology and ethnography, enriches the understanding of the cultural and historical significance of the yurt.

The sociocultural context of the yurt is carefully examined, emphasizing its role beyond being a mere dwelling. The yurt emerges as a symbolic representation of Kazakh cultural identity and social traditions, reflecting the deep-rooted connection between architecture and the collective consciousness of the Kazakh people.

In conclusion, this extended annotation encapsulates the multifaceted nature of the study, providing a nuanced exploration of the yurt in the Kazakh cultural milieu. By intertwining archaeological and ethnographic perspectives, the research not only contributes to the academic discourse on traditional dwellings but also enriches our understanding of the dynamic interplay between culture, environment, and architecture in the nomadic history of the Kazakh people.

## **БИБЛИОГРАФИЯ**

Андреев И.Г. (1998). Описание Средней Орды киргиз-кайсаков, Алматы: Ғылым, 280 с.

- Аршабеков Т.Т., Шашенов Д.Т.(2010). Сарыарқаның қолданбалы қолөнері. Қарағанды: Гласир баспасы,192 б.
- Бақ (2023), “Қазақ киіз үйі Германияда өткен көрмесі туралы мақала”, <https://baq.kz/qazaqtyn-kiiz-uyi-germaniyada-otken-kormege-qatysty-299149/>, (Қолдану күні: 11.01.2024).
- бангкоккітап (2024), “Саяхатшы жазбасының веб сайты”, <https://bangkokbook.ru.>, (Қолдану күні: 10.01.2024).
- Бичурин Н.Я. (1997) Средняя Азия и Восточный Туркестан, Алматы, 352 с.
- Бөкенов А. (1991).Көнеден жеткен киіз үй // Социалистік Қазақстан, 22 наурыз.
- Геродот. История. В 9-ти книгах. (1999). Перев.Г.А.Стратановского.-М:Ладомир,Фирма Издательство АСТ, 752 с.
- Гильом де Рубрук. (1957) Путешествие в восточные страны. – Москва, 85 с.
- Джанибеков. (1982). Д. Культура казахского ремесла.-Алма-Ата:Онер,-144 с:ил.
- Жәнібеков Ө. (1993).Үйлесімі жарасқан // Халық кеңесі, 19 наурыз, 2 б.
- Информант: Ғ. Оспанов, Қазақстан Республикасы, Жаңаарқа.
- Кейкин Ж. (2000). Киіз үй // Ана тілі, 19 қазан.
- Қанафияұлы Е. (1991). Қазақтың киіз үйі //Семей таңы, - 4 қыркүйек, 39 б.
- ҚасимановС. (1993). Ағаштан түйін түйген // Қазақ әдебиеті, 2 сәуір.
- Майдар Д., Пюреев Д. (1980). От кочевой до мобильной архитектуры, Москва, 215 с.
- Муканов М.С. Казахская юрта. Алма-Ата: Қайнар, 1981. – 224 с.
- Мұқанов С. (2002). Халық мұрасы, Алматы, 304 б.
- Мырзаханова Ү. (2006). Қазақ халқының алғашқы баспанасы // Еңбекке үйрету,№9-10.
- Отарбаев Р. (1988). Екі киіз үйдің тарихы //Қазақ әдебиеті, 24 маусым.
- Паллас П.С.(1809). Путешествие по разным провинциям Российского государства. Ч1.СПб., 657 с.
- Уәлиханов Ш.Ш. Шығармалар жинағы (1961), Алматы, 777 б.
- Шаңырақ, үй-тұрмыс энциклопедиясы. (1990). Алматы, 568 б.

## МУСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫНА ҚАТЫСЫ

Kundyz YERALIYEVA \* 

### Аңдатпа

Бұған дейін Кеңес Одағы құрамында болып, бүгінде тәуелсіздігін алған және әлі де Ресей федерациясына кіретін мемлекеттердің жетекші ғалымдары мен зерттеушілері, әртүрлі сала мамандары мен тарихшылары тарапынан II Дүниежүзілік соғыс туралы үлкен ізденіспен докторлық диссертациялар қорғалды. Бірақ легион туралы жазуға келгенде шынайы дерекнамалық зерттеулер жоқтың қасы. Біз осы мақаланы жазу барысында тарихтың ақтаңдақ тұсы саналатын, адам тағдыры күрделі әрі әділетсіз тұрғыда бааланған легион туралы жазуды қолға алдық.

Мұстафа Шоқай 1936 жылы жазған бір мақаласында «Бүгінде Кеңес үкіметі күшті, бірақ бір күні тарайды» деді. 55 жылдан соң қайраткердің сөзі орындалды. Кеңес одағы өз ішінен ыдырады. Бұл мақала Ұлы Отан Соғысы аталып кеткен II Дүниежүзілік соғысқа мәжбүрлі түрде қатысқан бүгінгі Қазақстанға 9-мамыр Жеңіс күнінің статусын бірнеше себепке байланысты жаңадан қарастырылуы қажет екендігін жазамыз. Себебі әлі күнге дейін Түркістан легионы құрамында болғандарды ақтау былай тұрсын, айтуға тиым салынған, нақты тізімі белгісіз.

Ал, Түркістан легионы десе, есімі қатар айтылатын Мұстафа Шоқайға Кеңестік саясаттың жапқан жаласы толық күшін жойған жоқ. Шындығына келсек, Мұстафа Шоқайдың өзі немістерге тұтқынға түскенмен тепе-тең. Айырмашылығы, Қызыл Армия қатарында соғысқа аттанған Түркістандық әскер майдан даласында немістерге тұтқынға түссе, Мұстафа Шоқайды фашистік Германия әскері үйінен алып кетеді.

**Кілт сөз:** Түркістан легионы, тұтқын, Германия, Мұстафа Шоқай, Қызыл Армия.

### МУСТАФА ШОҚАЙ И ЕГО ОТНОШЕНИЯ С ТУРКЕСТАНСКИМ ЛЕГИОНОМ

#### Аннотация

Докторские диссертации, посвященные Второй мировой войне, играют значительную роль в расширении нашего понимания этого периода истории. Когда дело доходит до изучения истории Легиона, настоящих документальных исследований практически не существует.

С помощью данной статьи мы хотели исследовать о Туркестанском легионе, где судьба человечества оценивается очень сложно и несправедливо. Среди прочего, следует отметить то, что некоторые архивные документы о Туркестанском легионе не были полностью раскрыты. Мы решили начать нашу статью о Туркестанском легионе как серию последовательных научных исследований.

В 1936 году Мустафа Шокай отметил в своей статье, что "сегодня советское правительство сильно, но однажды оно распадется". В данной статье мы хотим обратить внимание на необходимость пересмотра статуса Дня Победы 9 мая для современного Казахстана, вынужденного принять участие во Второй Мировой Войне, которая получила название Великая Отечественная Война. Существует несколько причин, по которым требуется этот пересмотр. Однако точного списка тех, кто служил в составе Туркестанского Легиона, запрещено раскрывать или оправдывать, и он остается неизвестным.

Мустафа Шокай - имя, которое всегда ассоциировалось с Туркестанским легионом - страдал от несправедливых обвинений и клеветы, наложенных советской политикой. Но истина заключается в том, что сам Шокай оказался в плену у немцев. Важно отметить разницу между ним и Туркестанской армией,

\* Doktora Öğrencisi, Niğde Ömer Halisdemir Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Avrasya Araştırmaları Anabilim Dalı, 87012633947k@gmail.com.



сражавшейся на стороне Красной армии и попавшей в плен на поле боя. Шокай был захвачен немецко-фашистской армией прямо у себя дома.

**Ключевые слова:** Туркестанский легион, пленный, Германия, Мустафа Шокай, Красная Армия.

## MUSTAFA ŞOKAY VE ONUN TÜRKİSTAN LEJYONU İLE İLİŞKİSİ

### Özet

Çeşitli alanların uzmanları ve tarihçileri, İkinci Dünya Savaşı ile ilgili doktora tezlerini büyük araştırmalarla savundular. Ancak konu Lejyon hakkında yazmaya gelince, gerçek belgesel araştırması neredeyse yok denecek kadar az. Bu makaleyi yazma sürecinde tarihin en adil parçası olarak kabul edilen ve insan kaderinin karmaşık ve adaletsiz bir şekilde değerlendirildiği lejyon hakkında yazmaya başladık. Bunlar arasında Türkistan Lejyonuna ilişkin arşiv verilerinin tam olarak açıklanmadığını da belirtmek isteriz. Çok serili bilimsel bir çalışma olarak Türkistan Lejyonu ile ilgili bir makaleye başlıyoruz. Bu yazımızda lejyon hakkında yazılan eserleri inceleyip karşılaştırmaya çalıştık.

Yakın gelecekte İkinci Dünya Savaşı'nın yaşandığı yerlere giderek lejyonların oluşturulduğu büyük eyalet, ilçe ve bölge arşivlerinden veri toplayarak daha önce hiçbir yerde yayınlanmamış materyalleri yazmayı hedefliyoruz. Bunun dışında Türkistan Lejyonu'nda halen hayatta olan askerlerden veya onların soyundan gelenlerden sukbat alınması planlanıyor. Bu yazımızda İkinci Dünya Savaşı'nı Büyük Vatanseverlik Savaşı olarak kullanmayacağız. Bu makalenin özelliğidir.

Mustafa Şokay 1936'da yazdığı bir makalede Bugün Sovyet hükümeti güçlüdür ama bir gün dağılacaktır diye yazmıştı. 55 yıl sonra rakamın sözleri gerçek oldu. Sovyetler Birliği içeriden çöktü. Büyük Vatanseverlik Savaşı olarak adlandırılan 2. Dünya Savaşı'na katılmak zorunda kalan günümüz Kazakistan'ı için 9 Mayıs Zafer Bayramı'nın çeşitli nedenlerden dolayı statüsünün yeniden değerlendirilmesi gerektiğini bu yazımızda yazıyoruz. Türkistan Lejyonu'nda yer alan kişileri bırakın haklı çıkarmak şöyle dursun anlatmak bile yasak olduğundan tam liste bilinmiyor.

Adı Türkistan Lejyonu ile birlikte anılan Mustafa Şokay ise Sovyet politikası tarafından tamamen yok edilememiştir. Gerçeğe gelince, Mustafa Şokay bizzat Almanlar tarafından esir alındı ve Almanlar onu güpegündüz evinden aldı. Mustafa Şokay'ya verilen görev, savaşın ilk yıllarında yüzlerce ve binlerce esiri milliyetlerine göre ayırmaktı. Sık sık dili bilen siyasi liderleri kampa getiriyordu ve iki taraf arasında irtibat görevi görüyordu.

**Anahtar kelime:** Türkistan Lejyonu, esir, Almanya, Mustafa Şokai, Kızıl Ordu.

## MUSTAFA SHOKAY AND HIS RELATIONSHIP WITH THE TURKISTAN LEGION

### Abstract

Experts and historians of various fields defended their doctoral theses on the Second World War with great research. But when it comes to writing about the Legion, actual documentary research is almost non-existent. In the process of writing this article, we began to write about the legion, which is considered the most fair part of history and where human fate is evaluated in a complex and unfair way. Among these, we would like to point out that the archive data regarding the Turkestan Legion has not been fully disclosed. We are starting an article about the Turkestan Legion as a multi-series scientific study. In this article, we tried to examine and compare the works written about the legion.

In the near future, we aim to go to the places where the Second World War took place, collect data from the large state, district and regional archives where the legions were formed and write materials that have never been published anywhere before. Apart from this, it is planned to take interview from the soldiers who are still alive in the Turkestan Legion or their descendants. In this article, we will not use the Second World War as the Great Patriotic War. This is the feature of the article.

In an article he wrote in 1936, Mustafa Shokay wrote that the Soviet government is strong today, but one day it will collapse. After 55 years, the figure's words came true. The Soviet Union collapsed from within. In this article, we write that the status of May 9 Victory Day should be re-evaluated for various reasons for today's Kazakhstan, which had to participate in World War II, also known as the Great Patriotic War. The full list is unknown, as it is forbidden to even describe, let alone justify, the people in the Turkestan Legion.

*Mustafa Shokay, whose name is mentioned together with the Turkestan Legion, could not be completely destroyed by Soviet policy. As for the truth, Mustafa Shokay was taken prisoner by the Germans himself, and the Germans took him from his home in broad daylight. The task given to Mustafa Shokay was to separate hundreds and thousands of prisoners according to their nationalities in the first years of the war. He often brought political leaders who knew the language to the camp and served as a liaison between the two sides.*

**Keywords:** Turkestan Legion, prisoner, Germany, Mustafa Shokay, Red Army.

## **KІРІСПЕ**

Фашистік Германияның ІІ Дүниежүзілік соғыста жасаған үлкен қателіктерінің бірі соғыс алаңында тұтқынға түскен әскерлерден ерікті деген сылтаумен легион құру ісі. Бұл оларға соңына дейін абырой алып келген жоқ. Түркістан легионы құрамында болғандар екі оттың ортасында қалғандар. Фашистік Германия Кеңес Одағына аяқ астынан шабуыл жасалды деген күннен бастап Түркістаннан мындаған ер азаматтар еркінен тыс Қызыл Армия қатарында соғысқа аттанды.

Түркістандық әскерлер немістің әскери формасын тірі қалу үшін ғана киді. Ал, соғыс тұтқындары қылмыскер болып саналмауы тиіс делінген Гаага және Женева конвенциясына қол қоюдан бас тартқан Сталин соғыс тұтқындарын *самқындар* деп есептеді. Өз бауырларына қарсы оқ атудан бас тартқан Түркістандық легионерлер ебін тауып Қызыл Армия жағына шығып кетіп отырғаны белгілі. Дінтанушы, заңгер Мұхан Исахан бір сұхбатында Қызыл Армиямен болған қиян-кескі ұрыстарда Түркістан легионы шешуші күш болмағанын айтады. Мысалы, NN 1, 3, 4, 6, 8-батальондар Қызыл Армия жағына өз еріктерімен берілді (<https://kazislam.kz/>, 27.12.23).

Ресей ғалымдары неміс үкіметінің ІІ Дүниежүзілік соғысқа қатысты ақпараттарды әлі күнге дейін жасырын ұстап отырғанын, мұрағат материалдарын зерттеуге мүмкіндік бермейтінін жазады [Хайитов, 2015: 53]. Демек Түркістан легионы туралы шынайы ақпараттар әлі алда ашыла түсері белгілі. Қалай болғанда да тарихи шындыққа қол жеткізу үшін а) мұрағат материалдарын; б) естелік мемуарлар; с) түркістандық эмигранттардың жеке архивтері; д) әскери тұтқында болған бұрынғы кеңес әскерлерінен жазып алынған сұхбаттарын қарау маңызды.

Мұстафа Шоқай есімі шетелде жүрсе де Кеңес үкіметі құрамында болған қазақтар мен басқа да түркі халықтары арасында Кеңес үкіметінің басқыншылық әрекеттеріне қарсы көзқарасы, еркіндікке ұмытылыс тұрғысынан қатты бағаланды. Кеңес заманында Мұстафа Шоқайға *Пантуркист*, *Исламиш*, *Ұлтшыл* ретінде жала жабылды. Астанада



Мұстафа Шоқай атындағы мектеп бар. Республикалық деңгейде мектепшілік бірді-екілі конференция өтіп тұрады. Біздің ойымызша, бұл Мұстафатану ғылымы үшін аздық етеді.

Түркістан легионы қатарында болған әскерлер отанын сатқан сатқындар емес. Тірі қалсам еліме, ұлтыма қызмет етпей қоймаймын дейтін жастар өздерін өлімге қимады. Олар екі оттың ортасында жүріп аман қалғанмен, соғыс біткен соң келісім бойынша жеңуші тараптың қолына өтуге тиіс болды. Түркістандықтар үшін нағыз тозақ сол кезде басталған еді. Отаным деп алғашында соғысқа аттанған оларды Кеңес одағы ату жазасына кесіп, түрмеге қамап, Жер аударып, қалған отбасы мүшелеріне *Отанын сатқан опасыздың ұрпағы* деген қара таңбаны басты.

2024 жылдың 22-маусымда Германияның Совет Одағына қарсы шабуыл бастағанына 83 жыл болады екен. Жыл сайын осындай кезеңде *1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия опасыздықпен соғыс жарияламастан Совет Одағына басып кірді* деген тұжырым кезекті рет қайталанып жатады. Жазушы-публицист Марат Бәйділдаұлының фейсбук парақшасында «Германия неге соғыс ашты?» деген тақырыптағы жазбасы бар. Жазушы осы мақаласында Германия опасыздықпен соғыс ашты дегені шындыққа үйлесе ме, немістердің опасыздықпен басып кіргені рас па деген сұраққа жауап іздеген. Оның сөзінше, *Германия Совет Одағына қарсы опасыздықпен тұтқиылдан соғыс бастады* деген тұжырым жалған. Шамамен сол уақытта Германияның Сыртқы істер министрі И.Риббентроп Берлинде өзіне СССР-дің Германиядағы елшісі В.Деканозовты шақырып алып Совет Одағына қарсы әскери қимыл басталғаны туралы нота тапсырады. Құжат толықтай *Нота Министерства иностранных дел Германии Советскому правительству от 21 июня 1941 года* деп аталады.

Қызыл Армия аттанған майдан даласының алдыңғы шебінде Орта Азиядан келген орыс емес ұлт өкілдерінің әскері жіберілді, қолдарында ескі-құсқы қару-жарақ, әскери дайындығы әлсіз. Тіпті соғыстан алдын ресми Мәскеу жарлығы бойынша орыс емес ұлтынан әскерге солдат алмайтын. Себебі, олардың қолына қару-жарақ беріп, әскери жаттығуларды үйретсе, өзімізге қарсы шығады деп қауіптенді. Оның үстіне соғыс алдында Сталиннің бұйрығымен әскери шенді адамдар репрессияға ұшырады. Расында, нацистік Германия Кеңестер одағының шама-шарқын дөп баса білді. Алғашында Кеңес одағынан әскери шығын өте көп болды, тұтқынға түскендерді айтпағанда мыңдаған адам немістің оғы мен бомбасының құрбаны болды. Осы тұста Герман үкіметінің өзіне тым

сенімділігі мен басып алған елдерге көрсеткен қатыгездігі алғашқы мақсаттың күлталқан болуына себеп болды. Олай дейтіні, кейбір зерттеушілер Украина, Беларусия, Қырым секілді жаулап алған елдерге Германия тәуелсіздік бергенінде сол елдің атынан соғысып жатқан қаншама әскерге күш берер еді деп санайды. Ал олар керісінше, зорлық-зомбылық көрсетіп, легион құрған кезде берген уәдесінде тұрмады. Уәде бойынша нацистік Германия өзі жаулап алған елдерге *еркіндік береміз* деген болатын. Түркістан легионында болған Орта Азиялы әскерлердің бар арманы да сол болатын. Себебі олар үшін соғысып жатқан екі тараптың қайсысы жеңсе де бәрібір еді, тек еркіндік берсе болды деген сенім болды. Алайда, үміті ақталмады.

### **1. АЛДЫҢҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ШОЛУ ЖАСАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ**

Түркістан легионы туралы ақпарат шынайы әрі толыққанды болу үшін неміс мұрағат қорларын тарту керек. Бірақ зерттеуші Н. Темботованың сөзінше Германия үкіметі мұрағат материалдарын зерттеуге және жариялауға тиым салған [Темботовна, 2000: 14]. Бұл ақпарат 20 жыл бұрын шыққанын ескерсек бүгінде Герман үкіметінің легионерлер туралы ақпарат алуға көзқарасы өзгерді ме жоқ па осы жағы белгісіздеу. Ол үшін соңғы жылдары Германия мұрағаттары мен кітапханаларын қолдана отырып жазылған еңбектерді зерделеп шығу қажет.

Мұстафа Шоқайдың Түркістан легионын құруға қатысы бар деген негізсіз әңгімені үш топқа бөліп қарастыруға болады:

- 1) Қазақстан бұл жөнінде не дейді?
- 2) Ресми Мәскеудің көзқарасы қандай?
- 3) Шетел зерттеушілері қандай ұстанымда?

Түркістан легионы туралы жазып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар жетерлік. Мысалы, Амантай Кәкеннің *Түркістан легионы. Деректі толғам*. (Астана 2000) еңбегі. Б. Садықованың *Түркістан* (27.05.1998) деген кітабын және Ахмет Бектаевтың *Под небом Франции* кітабында Түркістан легионы жайында кеңінен жазылады.

Түркістан легионы туралы шетелдік авторлардың еңбектерін атап өтуді жөн деп білдік. 1999 жылы Стамбулда шыққан Хусейн Икрам Ханның *Воспоминания одного туркестанца о второй мировой войне* кітабы, 2005 жылы Стамбулда жарық көрген Джаббар Ертюрктің *Воспоминания одного турка о второй мировой войне от Красной*

*Армии до Кавказского национального легиона* кітабы. Сондай-ақ, соғыстың ауыр азабын басынан өткізген соғыс туралы мемуарлар авторы Сапар Аймергеннің бірнеше еңбегін атап өтуге болады. Олар: *Son Köprü – Последний мост* (1992 г.), *Tayga Mahkumları – Пленники тайги* (1995 г.), *Sisli Körfez – Туманный залив* (1997 К. Абдуқап. (2015, 7-8). *Истина Туркестанского легиона – между свастикой и красной звездой*. Исследование/перевод с казахского языка. Исследовательский институт Общественное мнение, Астана.

Бұл тақырыпты ғылымда жүрген тарихшылар мен жас зерттеушілер тереңнен қазбалай түсу керек. Ұлтымыздың ең асыл тарихы осында жатыр. Из-түзсіз жоғалды делінген, қара қағаз келген әскерлердің қаншамасы осы лагерьлерге түскен болуы мүмкін. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Гүлнар Мендіқұлова ашылмай жатқан ақпарат көп екенін айтады. Оның сөзінше, қажетті құжаттар Франция, Бельгия, Германия, Норвегия, Голландия, Италия, Швеция және Ұлыбританияның ұлттық және аудандық мұрағаттарында жатыр. (<https://informburo.kz>, 27.12.23).

*Mustafa Çokay'ın hayatı ve mücadelesi* атты докторлық диссертация жазған ғалым Әбдіуақаб Қара 2022 жылы докторлық қорғаса, 2004 жылы Алматыда кітап ретінде басып шығарды. Г.Көкебаеваның *Талқыға түскен тағдыр. Түркістандық соғыс тұтқындары* еңбегі құнды. Ал, А.Жүнісбеков *Национальные воинские соединения Казахстана на фронтах войны (1941-1945)* еңбегі қаншама ақпараттың бетін ашқан.

## 2. МӘСЕЛЕНІ ТҰЖЫРЫМДАУ

Жалпы легион құру ісі ІІ Дүниежүзілік соғыс кезінде ғана пайда болған әрекет емес. Тарихы тереңде, Батыс пен Еуропа басқа елге соғыс ашар кезде әскері жетпесе ерікті әскерлерді ақшаға сатып алып отырған. Бүгінде легионер термині спортта қолданылып жүр. Сырттан келген атақты спортшыларға қомақты қаржы беріп, сол мемлекеттің атынан үлкен додаларға қатысуға арнайы шақырады. Түркістан легионындағы әскерлер болса фашистік Германияның тұтқынына түскен, Сталиннің *кеңес әскері тұтқынға түссе, өзін-өзі өлтіруі керек* деген ұранына бағынбағандар екенін естен шығармау керек. Орта Азиядан, соның ішінде Орта Азиядан соғысқа барып, тұтқын болған әскерлерге Сталиннің бұл сөзінің өтпеуіне себеп – діни ұстаным мен саяси көзқарас. Тәңір берген ғұмырды адамның өзі қиюына болмайтынын түркістандық тұтқындар жақсы білді. Екіншіден, соғыс Түркістанның ішінде болып жатқан жоқ.

Сондықтан да бұл II Дүниежүзілік соғысты *Ұлы Отан соғысы* деп атауға келмейді. Қызыл Армия қатарына ешбір дайындықсыз алынған олар өз еркімен соғысқа аттанған жоқ. Осы тұста 1941 жылға дейін Түркістандық әскердің Қызыл Армия қатарына қалай қабылданғаны жайлы ақпараттарды қарау жеткілікті.

Соғыстың алғашқы аптасында мыңдаған Кеңес әскерлері тұтқынға түседі. Арасында түркітілдес әскердің болғанын байқаған неміс әскерлері оларды Кеңес одағына қарсы қолдану туралы ойлайды. Алғашқында жәй ғана күзет ретінде сынақтан өткізген соң артынан жақсы нәтиже көреміз деп ойлаған фашистік Германия 1942 жылдың соңында Түркістан легионын құру керек деп шешеді. [Çelik, 2015: 11].

Түркістандық легионерлер саны Германия командирлері тарапынан 200.000 деп берілсе, легиондарда қызмет еткен Баймырза Хайыт 267.000 деп көрсетеді. Соғыстың соңында 400.000 жақындаған Түркістан легионының маңызды бір бөлігі майданда жан бергені, ал аман қалғандары болса Ялта Келісімі бойынша Кеңес үкіметіне табысталғаны Қызыл әскер тарапынан оңбай жазаланғаны белгілі. Екінші дүниежүзілік соғысты басынан өткеріп, неміс жағында Қызыл Армия қатарына болған, Қызыләскер сафынан Алман тарафына өткен әскерлердің бірі Чеббар Ертүрк былай деді: «Екінші дүниежүзілік соғыста Кеңес үкіметі кем дегенде 5 миллион түркістандықты майдан шебінде алдыңғы қатарға жіберді. Бұлардың маңызды бөлігі тірі орала алмады». [Çelik, 2015: 131].

Тұтқынға алынған кеңес тұтқындарының саны туралы соғыс уақытында толық есеп жоқ. Бұл мәселе бойынша әртүрлі сандар бар болса да анықталған фактілер, із-түзсіз жоғалған әскери тұтқындардың саны миллиондаған деп есептеледі. Кеңес Одағы кезіндегі кезеңді зерттеген неміс тарихшысы Георг Фишер майданнан тұтқынға алынғандар саны 2 053 000 деп көрсетсе, Шығыс министрлігі дереккөздері (неміс: Ost Nazirium) бұл санды 3 600 000 деп түсіндіреді. Дереккөз ретінде Германия Қарулы Күштерінің деректеріне сілтеме жасаған Александр Даллин тұтқында болған кеңес жауынгерлерінің санын 1941 жылы 3 355 000 және 1942 жылы 1 653 000 деп көрсетеді. Неміс Қарулы Күштері Құрлық әскерлері қолбасшылығының мәліметтері бойынша, тұтқынға түскен кеңес жауынгерлерінің саны, оның ішінде қаза тапқан, қашып кеткен және босатылғандар саны 3 350 639 деп хабарлайды. [Çelik, 2015: 133].

### 3. ГИПОТЕЗА

Мақсат – *Мұстафа Шоқай легион құрды* деген сөзді жоққа шығару, архив материалдары арқылы дәлелдеу. Шын мәнінде Шоқайдың мақсаты не болғанын анықтау. Шоқай өлімі де осы соғыс басталған алғашқы жылдарға сәйкес келді. Шоқай өліміне сталиндік режим бе әлде гитлерлік режим кінәлі ме? Түркістан легионына әскерлер ерікті түрде кірді ме? Сталиннің тұтқынға түскен әскерді *отанын сатқандар* деуі халықаралық құжатқа сәйкес келе ме?

### 4. ӘДІСТЕМЕЛЕР

Мұстафа Шоқайдың Түркістан легионын құруға қатысы болған-болмағанына ғылыми тұрғыда жауап беру үшін ең алдымен Түркістан легионы қалай құрылғаны туралы шынайы архив материалдарынан ақпарат жазу керек. Екіншіден, Түркістан легионы құрамында болған тұтқынға түскен түркістандық әскерлердің естелік-мемуарларын оқу қажет. Түркістан легионы жайлы Түркияда басылып шыққан кітаптар баршылық. Алайда Қазақстанда Түркістан легионында болғандар туралы ақпарат өте аз. Сондықтан мақала барысында түрік тілінде жазылған ғылыми еңбектерді көбірек пайдаландық.

Мақаланы толық ашу үшін бірнеше әдіс-тәсілдерді қолдандық. Атап айтқанда: баяндау, тарихи-салыстырмалы әдіс пен анализдік талдау жүргізілді. Мақаланы жазу барысында Түркістан легионы туралы жазылған еңбектерді шолып, сараптама жасау әдістері қолданылды.

### 5. МӘСЕЛЕНІ ТАРҚАТУ

Мұстафа Шоқай фашизмге қарсы болды. Оның 1939-1940 жылдары жазған мақалаларынан көреміз. Герман үкіметі соғыстың бастапқы жылдары тұтқынға түскен әскерлерді лагерлерге алып келіп орналастырғаны белгілі. Сол тұтқындар арасында қаншама білімді жастар мен әскери шенді адамдар болды. Оған дәлел, Мұстафа Шоқайдың Франциядағы мұрағат тізімінде орта және жоғары білімі барлардың әскерге алынғаны жазылған. Олардың арасында мұғалімдер, инженерлер, техниктер, аспазшылар, трактористер, комбайнерлер, есепшілер болған.

*Легион* термині латын тілінен келген (лат.-*Lego*-қабылдаймын, жинаймын) және ежелгіримдік әскери терминология болып саналады. Нацистердің жалдаушы сипатын

білдіру үшін қолданылған. Н.Темботовнаның кітабында легиондардың қызметі туралы басқа пікір айтады. Автордың сөзінше, тәжірибеде шығыс легионы әскери бірлік ретінде саналмады және әскери операцияларға жіберілмеді. Олар тек іріктеу, оқыту, кавказ-түрік батальондар базасын құру қызметін ғана атқарған деген ой айтады. [Темботовна, 2000: 20].

Осы лагерьлер құру туралы зерттеушілер арасында түрлі көзқарас бар. Бірі соғыс басталмай тұрып немістер алдын ала лагерьлер құрған деп жазса, екінші бір топ олар соғыс басталған соң лагерьлер жасақтай бастады деген ой айтады. Алғашқы пікірге түрткі болғаны, немістер Кеңес үкіметін басқа Еуропа мемлекеттерін жаулап алғаны сияқты санаулы апта ішінде жеңеміз деген оптимистік ұстанымынан туған болуы мүмкін. Ал, соғыс басталған соң лагерьлер құрыла бастады деген пікір де орынды деп білеміз. Себебі, тұтқынға түскен әскерилердің көптігі соншалықты оларды тұтқындар лагеріне сыйдыра алмады. Қалай дегенде де екі пікірдің де өзіндік логикасы мен жөні бар деп санаймыз. Герман үкіметі Кеңестер одағының соғыс жағдайына дайын емес екендігін алдын ала білді. Өздеріндегідей емес, ескі-құсқы әскери техникамен ұзаққа бармайды деп сенді. Расында соғыстың алғашқы жылдары солай болды, тұтқынға түскендер мыңдап саналды.

Гитлер Орта Азиялық тұтқынға түскен әскерлерден легион құруға қарсы болмады. Себебі, олар жеңіске жетсе Түркия мен ислам әлемінен Англияға қарсы соғыста қолдау табамын деп сенді. 1941 жылдың қараша және желтоқсан айларында Гитлер төрт легионды құру туралы тапсырма берді. Олар: Түркістан, Грузин, Армян және Кавказ-магомандық легиондар болды. Ал, 1942 жылы 15 сәуірде казактар мен кавказдықтарды партизандарға қарсы соғыс алаңында «теңқұқылы одақтас» ретінде қолдануға рұқсат берді. [Темботовна, 2000: 21].

*Түркістандық полк* соңынан 811-жаяу әскер батальоны болып өзгерді. Бұл полк Құрлық күштері бас штабының генерал-квартирмейстері, Э. Вагнер 1941 жылғы 15 қарашадағы бұйрығымен құрылды. Түркістан легионы құрамында қазақ, өзбек, қырғыз, түркмен, қарақалпақ, тәжіктер болса, Грузин легионы құрамында грузиндерден бөлек, осетиндер болды. Жаңадан құрылған оқу лагерлері Полтав облысында болды. Түркістан легионы — Ромнахта, Әзірбайжан — Прилукахта, Грузин — Гадяче, Армян — Лохвице және Солтүстік кавказ — Миргородте орналасты. О. Романько. (2014). Шығыс легиондарының құрамы барлық жағынан әртүрлі болды. Этникалық тұрғыдан да,

әлеуметтік құрамы да, саяси-моральдық тұрғыдан да бір біріне ұқсамады. Легион құрамында тек тұтқынға түскен әскерилер ғана емес, өз еркімен берілген әскерлер мен Еуропада эмиграцияда жүрген саяси лидерлер де болды. [Темботовна, 2000: 21]. Екі жылдың ішінде Польшада 52 дала батальоны құрылды. Оның ішінде 14-түркістан легионы, 8 әзірбайжан, 8 грузин, 8 армян, 7 солтүстік кавказ және 7 еділ-татар легионы. Барлық саны 50 мың адамды құрады.

Түркістан легионы туралы мақаланы бірнеше сериялы ғылыми зерттеу ретінде бастап отырмыз. Зерттеуде бұған дейін легион жайлы жазылған еңбектерді шолып, салыстыра отырып жазуға тырыстық. Алдағы уақытта бұрын-соңды ешбір жерде жарияланбаған материалдарды жазу үшін II Дүниежүзілік соғыс орын алған жерлерге барып, легиондар құрылған ірі мемлекеттік, аудандық және облыстық мұрағаттардан деректер алуды көздейміз. Бұдан бөлек, бүгінде көзі тірі Түркістан легионында болған әскердің өзінен немесе артында қалған ұрпағынан сұқбаттар алу жоспарлануда. Осы мақалада біз II Дүниежүзілік соғысты *Ұлы Отан соғысы* деп қолданбаймыз. Мақаланың жаңашылдығы да осында деп білеміз.

## 6. ШЫҒЫС ЛЕГИОНЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Германия үкіметі Кеңес үкіметіне қарсы соғыс ашатын кезде олар бұл мемлекет ішінен іріп-шіріген, бірлігі жоқ, өте көп ұлттардың жиынтығы деп қабылдады. Сондықтан да олар *шығыс территориясын* орыс емес ұлттардан құралған топтармен бірігу арқылы соғысты тезірек аяқтаймыз деп жоспарлады. Алғашында күзет бөлімдері жасырын құрылды. Тек 1941 жылдың 15 қараша күні құқықтық негізін қалады. Осы күні Құрлық күштер Генштабтың генерал-квартирмейстері генерал-майор Э.Вагнер түркістандық және кавказ әскерінің тұтқындарынан *күзет жүздігін құру туралы* бұйрық берді. Бұл бөлімді 444-нші күзет дивизиясы ретінде, *Юг* деп аталатын тыл жұмыстарындағы тәртіпті қадағалау үшін құрылды (<https://mediazona.ca>, 28.12.23).

1942 жылы қаңтар-ақпан айларында Польшада төрт легион құрылды. Осылайша, 13 қаңтар күні Түркістан және Магометанский легион пайда болды. 8 қаңтар күні болса, Грузин және армяндық легион құрылды. Түркістан легионы құрамына өзбек, қазақ, қырғыз, түркмен, қарақалпақ және тәжіктерді қосқан. Кавказ-магометанский легион құрамына әзірбайжан, дағыстан, ингуш, шешендер кірген. Ал грузин легионына осетин, абхаз, адыгей, черкес, кабардин, бұлғар және карачайлықтар кірген, тек армян құрамы

ғана біртектес армяндардан тұрды. Осылайша 1942 жылдың басынан бастап құрылған «Түркістан легионыны тек 1942 жылдың соңында құрылып бітті [Темботовна, 2000: 27]. Құрамында 7 батальон болды, әрқайсысында 1100-1200-ден тұтқын жасақталды. Легионды неміс капитаны Эрнеке басқарды. Легионерлердің санасына фашистік идеология сіңірді. Әрбір ротада молда болды, кеңес үкіметіне қарсы *Милли Түркістан* журналы шығарылды. Түркістан легионын немістің барлау және диверсиялық органы саналған *Цеппелин* жетекшілік еткен (<https://chechnyatoday.com>, 08.11.2023).

## **7. МҰСТАФА ШОҚАЙ МӘЖБҮРЛІ ТҮРДЕ НЕМІС ЛАГЕРЛЕРІН АРАЛАДЫ**

Мұстафа Шоқайдың қайтқан уақыты 1941 жылдың 27-нші желтоқсаны. Яғни, легион құрылғанға дейін ұлт қайраткері белгісіз жағдайда қайтыс болды. Неміс әскерімен бірге тұтқындар лагерін аралап жүргенде, мүмкіндікті пайдаланып, түркістандық әскерлердің рухын көтеретін, үміт отын жағатын жалынды сөздер айтуға тырысты. Сол үшін де Мұстафа Шоқай әскерилердің алдында аса үлкен тұлға болып қалды. Мұстафа Шоқаймен бірге жүріп концлагерлерді аралаған неміс фашистері Түркістан легионын басқару туралы ұсыныс айтады. Түркістанға бостандық беретініне сенбеген Мұстафа Шоқай легион құрудан бас тартады. Ченстаховадан өзінің үйі Парижге кетіп бара жатқан жолда ол Берлинде қатты сырқаттанып қайтыс болады. Қарсылық білдіргеніне жауап ретінде неміс фашистері Мұстафа Шоқайды улап өлтірді деген ақпарат та бар. [Кара, 2015: 42].

Мұстафа Шоқай Марияға жазған хатында: Менен қолдау күткен, үмітпен қараған бұл бейшараларға ешқандай көмек бере алмайтыным үшін өзімді жегідей жеймін. Мен оларға көмектесемін деп уәде бере тұра, олардың сынып кетпей, моральдық рухын көтеру және қолдау үшін ойыммен өтірік айтып тұрғанымды білемін. [Кара, 2015: 43].

Гитлер Германиясы мен Сталиннің Ресейі. Екі диктатордың бірін таңдау Мұстафа Шоқай үшін екі оттың ортасында қалумен бірдей еді. Мұстафа Шоқайдың ішкі түйсігі сезгендей-ақ, фашистік Германия Түркістанға тәуелсіздік бермеуші еді. Мысалы, Қырымды басып алған соң немістер қарапайым халықты қырып, халықтың көз жасына қалды. *Человек, потерявший родину* деп аталатын романда Дағджы өзінің әкесінің сөзін былай деп жазады: *Біз барлығымыз немістерді бостандық алып береді деп үмітпен күттік. Олар бізге еркіндіктің орнына өлім мен қантөніс алып келді* деп жазды.



Немістерге қарсы қырымдықтар тау мен орманда жасырынып партизандық топтар құрған [Kara, 2015: 58]. Фашистік Германияның осындай теріс пиғылын білген, түсінген Мұстафа Шоқай бірден Түркістан легионын құрудан бас татты.

Фашистік Германия соғыстың алғашқы жылдарында тұтқынға түскен әскерлерді ұлты бойынша бөлуге асықпады. Мұстафа Шоқай мен Қаюм Хан екеуінің беделін өздерінің пайдасына қолдануды көздеген олар газет пен радиода сөйлетуді көздейді. Тұтқындар лагерін аралаған Мұстафа Шоқай тұтқындардың аянышты жағдайын көре сала оларды ұлтына қарай бөлу қажеттігін тездетуді сұрайды. Бірақ Шығыс департаментінің шенеунігі болған Вон Менде тұтқындардан легион құру ойын жасырып қалады. [Çelik, 2015: 182-183].

Мұстафа Шоқай мен Вели Қаюм Ханды қасына ертіп алған неміс комиссия мүшелері Оербке және Берген-Белсен бастаған әсерилер тұтындар лагерін аралауға шығады. Ең соңғы лагерь *Ebernrode* делінген. Мыңбасы Майер-Мадер Түркістандық әскерлермен сөйлескенде олардың жағдайы жақсаратынын айтады [Çelik, 2015: 183]. А. Қараның сөзінше, соғыс кезінде Германияға қызмет етпейтінін түсінген кезде оны Шығыс аумақтар министрлігінің министрі Розенберг өлтірген болуы мүмкін дегенді айтады. [Kara, Kul, Ferhatoğlu, 2017]. Мұстафа Шоқайдың оны Германия тарапы өздерімен бірігіп жұмыс жасауға мәжбүрлегені туралы Халил Бурак Сауал былай деп жазады: *Шоқай тұтқынға түскендерден Түркістан легионын құруға соңына дейін қарсы болды. Соғыста тұтқынға түскендердің ісі бойынша комиссия жұмысына қатысса да, оны бұл іске араласуға немістер мәжбүр еткенін ұмытпау керек* дейді [Çelik, 2015: 257].

Б.Аяған, Ә.Кәкен және басқа зерттеушілердің ой-пікірлеріне сүйене отырып хабарларға қарағанда, Шоқайды НКВД қызметкерлері өлтірген болуы мүмкін. Зерттеуші, тарихшы Дархан Қыдырәлінің пікірінше, Розенберг те, губернатор Қаюм және НКВД қызметкерлері де Шоқайдың өліміне қатысы болған адамдар. Бүркітбай Аяған, жазушы Амантай Кәкеннің сөзінше, *Шоқайдың өліміне НКВД қызметкерлері кінәлі болды* дейді [Kara, Kul, Ferhatoğlu, 2017].

Берлиннің Сохенбург ауруханасы берген өлім себебі құжатында Мұстафа Шоқай *тифус ауруынан қайтыс болды* деп есеп береді. [Çelik, 2015: 257]. Мұстафа Шоқай өлімінен соң Түркістан легионын жүргізу ісі Вели Қаюм Ханға беріледі. Өзбек ұлтынан шыққан Вели Қаюм Ханның ісіне көңілі толмаған адам, ең басты қарсыласы болып шыққан Түркістан ұлттық комитеті насихат бөлімінің бастығы, Бас хатшы қазақ Қарыс

Қанатбай еді. Қаюм өзі жоғары билікке қол жеткізу үшін, фашистік Германияның көңілін өзіне аудару үшін, Түркістан легионына өзі ғана басшылық етуді көздеу арқылы қызғаныштан улауы да мүмкін. Түркістан легионын басқару ісінде өзара келіспеушіліктер болғанын соңынан келген Андреас Мадер мен Вели Қаюм Хан арасындағы келіспеушіліктерден, бірін бірі жау көргенін-ақ байқауға болады. Немістер өлтірсе Қаюм Ханды да өлтірер еді ғой. Бұл жерде қызғаныш Қаюм ханда болуы мүмкін. Соңынан Түрік бірлігі журналының Түркістан басылымының редакторы Умари де Қаюм Ханның қарысыластары арасында қалады [Çelik, 2015: 259].

Тұтқындар лагерін аралау кезінде Мұстафа Шоқай 35 мұсылманды тек қана сүндеттелгені үшін ғана атуға дайындалып жатқанына куә болады. Ол сол сәтте-ақ, бұл іске кірісіп, оларды өлімнен аман алып қалады. Бұл оқиғадан соң Мұстафа Шоқай немістің тиісті органдарына алдағы уақытта мұндай бассыздық орын алмауы үшін хат жолдайды. Сөйтіп Шығыс министрлігі, Германияның Қарулы күштерінің бас басқарма басшылары қатысқан үлкен жиында ол мұсылмандардағы сүндетке отыру дәстүрі барын баяндайды [Kara, 2015: 34].

Мұстафа Шоқайдан бөлек соғыс жылдары эмиграцияда жүрген саяси лидерлер арасында Әзірбайжанның алғашқы президенті болған Мамед Расулзаде де бар еді. Расулзаде Мұстафа Шоқай секілді тұтқынға түскен мыңдаған әзірбайжандықтарды ату жазасынан құтқарып қалды. Себебі соғыстың алғашқы кезеңінде тұтқынға түскен түркістандықтар мен әзірбайжандықтарды *сүндеттелген еврей* деп атып тастап отырған. Ал Расулзаде мен Мұстафа Шоқай олардың еврей емес, мұсылман, әзірбайжан екенін сауатты түрде дәлелдеуінің арқасында мыңдаған адамның өмірін сақтап қалды. Расулзаде де әзірбайжан легионын құруға келісімін бермеді, бірақ оған неміс үкіметі хаттар жазып, бірігіп жұмыс жасауға жиі шақырып, қыр соңынан қалмады. Бұл туралы біз Бакуде өткен сипмозиумдағы баяндамада кеңінен жаздық [Yeraliyeva, 2023].

Бүгінде көптеген зерттеушілер Мұстафа Шоқайдың жарияланбаған 100-ден аса мақаласы барын айтады. Зерттеуші Н.Темботованың жазуына қарағанда, легиондар жайлы ақпараттар *Кавказ және Проблемы* журналында бар екен. Бұл басылым 1934-1939 жылдар аралығында Парижде 5 тілде немісше, французша, ағылшын, түрік және орыс тілдерінде жарияланып тұрған. Мұнда эмиграциядағы түрік және кавказдық ұйымдардың құжаттары мен мақалалары сондай-ақ эмиграцияда танымал тұлғалар Гайдар Бамат, Сухли-Кайоғлы, Мұстафа Шоқайдың мақалары басылып тұрған.

Н.Темботовна бұл журналдағы мақалалармен Ресей ғылым академиясындағы шетел бөлімінен тапқанын айтады [Темботовна, 2000: 17].

Неміс үкіметінің Расулзадени өлтіруге мүмкіндігі болмады емес, болды. Әлемде соғыс болып жатқан тұста Мұстафа Шоқай ешқайда қашып құтылмас еді, соны білген Розенберг оны өлтіруге тапсырыс беруі мүмкін емес дейтініміз сол. *Әйтеуір бір көнеді* деген пікірде болды. Мұстафа Шоқай ашық түрде Кеңес үкіметінің саясатына қарсы екенін газет-журналдарда жазып жүрді. Сталин Шоқайдан қатты аяқ тартты. КСРО көсемі Сталин Мұстафа Шоқайдың Батыс Еуропа газеттерінде жарияланған мақалаларын оқығанда, ол бұл идеяның Кеңес Одағына таралу қаупіне алаңдады, алдын алуға тырысты. Ол кезде Мұстафа Шоқайдың мақалалары қазақша *Еңбекші қазақ*, *Қызыл Өзбекстан* газеттерінде, *Жас Түркістан* (Жас Түркістан) газеттерінде жарияланып тұратын. Ол *антисоветтік* баптарға тосқауыл қоюға тырысты.

## 8. ТҰТҚЫНДАР ЛАГЕРІНІҢ АТАУЛАРЫ

1941 жылдың қысында екі айдың ішінде қайтыс болған Кеңес жауынгерінің саны жарты миллионнан асады. Кеңес жауынгерлерінің өлімі біріншіден дұрыс тамақтанбау, ауруға қарсы сақтық шараларының болмауы және лагерлердегі қысым еді. Кейде тұтқындар казармада үш-төрт адамнан бір төсекте жатуға мәжбүр болды. Түрме лагерлерінде үсті-үстіне тұтқындарды жаппай казармаға алып келе беру кезінде бетон еденде жатқан адамдардың көпшілігі өмірді емес, өлімді таңдап жатты. Неміс дерекөздері беретін мәліметтерге қарағанда, неміс тұтқынына 5,7 миллион кеңес әскері мен офицерлері тұтқынға түскен. Олардан тек жартысы ғана тірі қалған. Аштықтан, ауру мен қорлаудан 3,3 миллион адамның өмірі қиылды. Өлім-жітім 60% құрады (<https://weekend.rambler.ru>, 23.12.23).

Өлім көрсеткіштеріне мысал ретінде Честохова лагерін алып қарасақ та жеткілікті. 1942 жылдың алғашқы төрт айында бұл лагерьдегі 90 мың Қызыл Армияның 3 мыңы ғана аман қалады. Осы кезеңді басынан өткерген тұтқындардың бірі, қырымдық Дженгиз Дағжы өзінің естеліктерінде Уман лагеріндегі басынан кешкендерін былай түсіндіреді: *Лагерьдегі өлім саны күн санап артып отырды. Мәйіттер барактардан шығарылып, дәретхана ретінде пайдаланылатын шұңқырлардың дәл артына үйілген. Мәйіттердің көптігі соншалықты биік-биік қабырға пайда болғандай болды. Тұтқындар бұл жағдайды көрді, бірақ олар дауыстап әрекет етсе, олар оқ тиюден*

қорқып, үндемей қалды [Çelik, 2015: 137]. Украинаның Ромны қаласындағы 137 нөмірлі лагерь Түркістандықтар үшін, Лохвитция қаласындағы 127 нөмірлі лагерь Армениялылар үшін, 200 нөмірдегі Пируликидегі лагерь болса Әзірбайжандықтар үшін, Миргород қаласындағы 120 нөмірлі лагерь Солтүстік Кавказия үшін жинақтау орталығына айналған [Çelik, 2015: 189].

Ерекше есекеретін жайт, фашистік Германия тұтқынға түскен ешбір Түркістандықтық басынан сипаған емес, керісінше қаншама өрімдей жастар соғыстың алғашқы жылдарында аштықтан, аурудан, бір жұтым су жетпей қыршыннан қиылды. Тірі қалғандарын мәжбүрлі түрде Түркістан легионы қатарына алды. Онда да олар екінші сортты әскерлер ретінде қабылданды. [Çelik, 2015: 225]. Егер Қызыл Армия қатарынан соғысқа аттанған әрбір түркістандықтың әскери дайындығы мықты болып, қолында қаруы болса немістерге тұтқынға түспес пе еді деген ой келеді.

Дағджы еңбегінде жазылғанның барлығы тек авторға қатысты деп қарауға болмайды. Кеңес одағында соғысқа қатысқан жүз мыңдаған әскер осындай жолды жүріп өтті. Зерттеуші Александр Даллин, немістерге тұтқынға түскен Кеңес одағы әскерлері 5 162 000 адамнан көп болды. Бұлардың басым көпшілігі орыс емес ұлтынан болды. 1 981 000 адам концлагерьдегі адам төзгісіз жағдайдан қайтыс болды. Егер бұған іс-түзсіз жоғалғандар санын қоссақ, құрбандар саны үш миллионға жуықтайды. Тірі қалған 800 мың әскер *Әскери тұтқындардан легиондар құру* жобасына қолданылды [Kara, 2015: 92].

Карелии концлагерінде қайтыс болған тұтқындар саны 3 миллион және олардың көпшілігі орыс ұлтынан болмады, олардың ең азы дегенде миллион түркітілдес әскерлер лагерлерде жан тапсырды. Түркітілдес әскери бөлімдерге басшылық еткен генерал Хайгендорф өзінің бір сұхбатында концлагерьлерде 1 миллионнан астам түркітілдес әскерлер қаза тапқанын айтқан. Бұған тағы концлагерьлерде тірі қалып артынан немістер құрған легиондарда болған әскерлерді қосу керек. Осы тұста әртүрлі санақ айтылады. Даллин 800 мың деп есеп берсе, түрік легиондары мен немістер арасында байланысты жұмыс жасаған Эртюрктің сөзінше, олардың саны 900 мың болған. Түркістан Ұлттық Комитетінде жұмыс істеген Икрам Хан тұтқындар саны *1 миллионнан астам болды* дейді.

## 9. ҚЫЗЫЛ АРМИЯ ӘСКЕРІНЕН НЕМІС ӘСКЕРІНЕ ТҮТҚЫНҒА ДЕЙІН

Қырымдық Дженгиз Дағджы еңбегі автордың өзі басынан кешкен Түркістан легионындағы оқиғаларды баяндайды. Өзінің немістердің қолына тұтқынға түскен кезін былайша сипаттайды: *Жау минометтен атқылай бастады. Біз қоршауда қалдық. Бірер сәттің ішінде айнала тозаққа айналды. Адам еті мен сүйегі аспанға атқылаған су, таспен араласып жатты. Біраздан соң жаудың жалыны басылды. Дағджы ұзақ уақыт бойы басын көтерместен жата береді. Басын көтергені сол-ақ екен, екі неміс әскері винтовканы дәл басына қадап тұрады. Осылайша, Дағджы 1941 жылдың 9-ншы тамызы күні түс уақытында тұтқынға түседі. Түркістан легионы қатарына қабылданбай тұрып, Дағджы тұтқындар лагеріндегі барлық азапты басынан өткізеді К. [Kara, 2015: 19].*

Зерттеуші Мюленнің пікірінше, түркітілді әскер үшін легион бірден бір тірі қалу орны болды. Себебі легионға түсу тойып тамақ ішу, таза киім кию, ауырған кезде дәрігердің көмегіне жүгіне алуды білдірді [Kara, 2015: 37]. Түркістан легионында жоғары қызметте болған белгілі тарихшы Баймырза Хайыттың жазуынша, тұтқынға түскендерді өз еліне қарсы қаруландыру халықаралық талаптарға қайшы болды. Сондықтан тұтқынға түскендерден екі данадан қолхат алып отырған. Қолхаттың бір данасы Женеваға, екінші данасы мұрғатта сақталды. *Бұл құжатта біз өз қолымызбен: Біз өз еркімізбен Түркістан армиясы қатарында Кеңес одағына қарсы соғысуға дайынбыз. Ант береміз* деп жазып бердік дейді тарихшы Баймырза Хайыт. [Kara, 2015: 42].

Фашистік Германия тұтқынға түскендерді аяған жоқ. Бұл туралы Әбдуқап Қараның *Истина Туркестанского легиона – между свастикой и красной звездой* деген кітабында да айтылады. Автордың сөзінше, түркістандық әскерлерилердің жартысы Германия мен Кеңес одағы арасында соғыстың оларға ешқандай қатысы жоқ екенін жақсы білген. Мұнда оларға *сендер тұтқын емессіңдер* деп айтқан. Расында олар концлагерьдегі сияқты аштық көрмеді бірақ іштей бәрібір өздерін тұтқын сезінді. *Мы вместе прошли этот путь* романындағы басты кейіпкер Таулы олардың *бостандыққа тап болған тұтқындар* деп атайды. [Kara, 2015: 51]. Түркістанға еркіндік беру туралы ой немістердің жоспарында да болмағаны анық. Тіпті, II Дүниежүзілік соғыста фашистік Германия жеңген күннің өзінде түркі халқы үшін *қожайын ауыстыру* секілді болар еді. [Kara, 2015: 23]. Міне, Мұстафа Шоқай осындай ниетін немістердің білген соң олармен бірге жұмыс істеуге құлқы болмады. Ол іштей немістер ешқашан түркістандықтарға еркіндік бермейтінін білді.

Легионнан қашқандарды өлім жазасына кескен. Қашқандар ұсталған соң жарты сағаттың ішінде немесе бір күн ішінде әскери трибунал өлім жазасын кесіп, қабырғада оларды атып тастаған. Сол үшін ары қарай өмір сүруді қалағандар амалы жоқтықтан легионда қалған. Легионда қалу немесе қалмау деген өмір мен өлімнің бірін таңдау секілді болған. Түркістанға азаттық алып береміз деген олар, немістің қару-жарағы мен қаржысы арқасында түркістандық әскерилер өз отаны мен халқын қанішер Сталиннен құтқара алады деп сендіргісі келді. Сондай-ақ, неміс үкіметі Кеңес одағының ыдырауына мүдделі екендігін, бөлек мемлекеттер құрылғанын қалайтыны және Түркістан легионы осы мақсатпен құрылды дегенге сендіріп баққан [Kara, 2015: 52].

Зерттеуші Әбдухаб Қара өзінің еңбегінде осыған қарамастан түркістандық әскерилер өздерін Түркістан легионы қатарында болғанын мақтан етті деп жазады. Бұған бірден бір себеп Түркістан өзінің ұлттық әскерін құру деген арманы болғанымен байланыстырған дұрыс шығар. Себебі патшалық Ресей кезінде Түркістан ұлттық әскерін құру былай тұрсын, түркістандықтарды әскерге де алмаған. *Страшные годы* деп аталатын романда түркістандық солдат былай деп жазады: *Енді бізде өзіміздің әскери армиямыз бар*. Бұл олар үшін үлен билік пен бақыттың көзі болды. [Kara, 2015: 53].

## **10. ЛЕГИОНДАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ТОЛЫҚ ЗЕРТТЕЛГЕН ЖОҚ**

Соғыстың аяқталғанына биыл 78 жыл толса да фашистік Германия құрған легиондар туралы ақпарат толық зерттелген жоқ. II дүниежүзілік соғыс тақырыбы ескірген деп саналса да тарихи бағасын нақты алмаған тұстары жетерлік. Соның бірі легиондардың құрылуы, жұмысы, қалай таратылғаны. Түркістан легионы тақырыбы айтыла қалса, *Мұстафа Шоқай құрған* деген Кеңес үкіметі жапқан жала әлі де бар. Қазақ әруақ сыйлаған халық. Мұстафа Шоқайдың Берлинде жатқан сүйегін сыйласақ, қазіргі Тәуелсіздігімізге сәйкес келмейтін сөзді айтпаған дұрыс. Мұстафа Шоқайдың Түркістан легионына қатысы бар ма жоқ па оны түрік, неміс, ағылшынтілді басқа ұлттың ғалымдары зерттеп, бағасын берген. Оның Түркістан легионын құрмағанын, өзі де эмиграциядағы түрістандық ретінде тұтқынға алынғанын сауатты қазақ білуі тиіс. Тұтқындар лагерін аралап, үмітін үзгені жайлы әуелі әйелі Марияға жазған хаты бар.

Әлем мойындаған саясаткерлер мен қоғам қайраткерлеріне ортақ ұқсас мінез, қасиет бар, олардың – саяси шиеленістің немесе орын алған оқиғаның қалай өрбитіні мен немен аяқталатынын алдын ала біліп отыруы. Саяси көзқарасын ешбір жасырмастан,

*ертең бұл сөзім қате болып қалса қайтем?* дейтін екіұшты күмәннан таза, төрткүл әлемге сол ойын ашық, бүкпесіз айта білуінде. Мұстафа Шоқайдың да саяси оқиғаларға дер кезінде берген саяси пікірлері көп ұзамай дұрыстығын дәлелдеп отырды. Мысалы, 1939 жылы Германия Польшаға басып кіруіне байланысты Мұстафа Шоқай былай деп жазды: *Сталин мен Гитлер – екеуі де жауыз адамдар. Менің қатты алаңдайтыным, бұлардың қайсысы жеңіске жетіп тынар екен. Саясатта да, алдап-арбауда да бұлар бір бірінен қалыспайды. Біреуі – нацист, екіншісі – марксист. Егер олардың екеуі бірігуді ойластырып, әлемді басқарғысы келсе, онда әлем қанға тұншығады. Барлық халықтың әкесі мен неміс халқының әкесі арасындағы достық уақытша сипат алып тұр.* Осындай пікірде болған Мұстафа Шоқай фашистік Германияның түпкі пиғылын білмей қалып, өзінің жанындай сүйген Түркістандықтарды айдап салуға көнбегені айдан анық. Мұстафа Шоқай фашистік Германия жеңіске жеткен күннің өзінде Түркістанға егемендік алып бермейтінін білген соң Түркістан легионының басында болуға қарсы болғанын шетелдік ғалымдар жақсы жазған. Осы ойы үшін де өмірі жарты жолда қиылды.

*Мұстафа Шоқай немістерге Түркістан легионын құрып берді* деген сөз барып тұрған сорақылық, сауатсыздық. Бүгінде Қазақстан егемен ел ретінде, II Дүниежүзілік соғыстың ортасында емес, алдыңғы шепте жүріп тұтқынға түсіп, жанын сақтауы үшін легионда болған боздақтарын ақтап ала алмай отыр. Жыл сайын 9-мамыр жеңіс күні тойланар тұста ресми Мәскеу Қазақстанның бетіне Түркістан легионын салық қылып басқысы келеді. Ал, шындығына келсек, біз Түркістан легионында болған әрбір қазақпен мақтануымыз керек. Олар дәл қазіргі сіз бен біз өмір сүріп отырған тәуелсіз ел болуды аңсап өткен боздақтар. Түркістан легионында болған қырым татары Дағдзы кітабын профессор Әбдухаб Қара аударған. Осы еңбекте Дағдзы өзі басынан өткерген соң Түркістан автономиясының қалай құрылғанын, тұтқынға түскен әскерлер алғашында лагерьлерде азаптан, аштан қырылғанын жазған. Бұл жерде автор Мұстафа Шоқаймен бетпе-бет кездеспегенін жазады, тек лагерьде бірге болған, кейін Түркістан легионы құрылар тұстағы әскерлерден естігені көп. Сонда әскерилердің көз алдында Мұстафа Шоқайдың лагерь аралап жүріп Түркістаннан тұтқынға түскен әскерлерге қарата айтқан бірлік туралы, Түркістанның егемендігі жайлы айтқан сөздері тұтқындарға үлкен сенім берген. Соғыстың қайнаған ортасында жүріп Дағдзының естелік-романдары шынайылығымен құнды. Соғыстан кейін жазылған еңбектер баршылық, бірақ осы

автордың еңбегінің легиондардың құрылу тарихын зерттегісі келетіндер үшін таптырмас құнды еңбек. Дағджының пікірінше, Түркістанның еркіндігі үшін жанын қиған боздақтар туралы естелік жазу оның қасиетті борышы болған. Дағджы кітабын Садық Тұран есімді кейіпкердің атынан жазады, Түркістан легионында жаттығудан өткен түркістандық әскерлерге қарап тұрып, ойланатын тұсын әсерлі келтіреді. *Бұлардың көбісі өз отанына жете алмай, жолда жан тапсырар. Бірақ бұл ештеме емес, себебі олардың бұл әрекеті Түркістан үшін. Түркістан қайта біздің қолымызға өтеді, солай емес пе? Таулар, су мен ауасы, аспан, мешіттер, барлық Жер біздің меншігімізде болады. Біздің жүрегімізде екі ғана қымбат мән бар. Бірі Түркістан болса екіншісі егемендік. Осы қасиетті жолда соңына дейін, қасық қанымыз қалғанша күресеміз. Осындай арманда жан берген ерлер бақытты шығар. Себебі қалған тірі қалғандары олардың сүйікті отанынына олар туралы естелік жеткізетін болады. Осындай оймен біз униформа кидік* [Kara, 2015: 73].

Түркістан легионында нақты қанша қазақ болғанын дәп басып айту қиындау болар. Десек те, тарихқа шынайы баға беретін уақыт жетті. Түркістан легионында болған әрбір тұтқын қазақ Отанын сатқан жоқ, олар тәуелсіздік үшін күрескен нағыз батырлар. Осындайда шынайы ақпаратты қолға алып, ең дұрыс дәлелдермен баға бергісі келетін зерттеушілердің көп болғаны дұрыс. Дағджы кітабы Орта Азияда соғыс тақырыбын зерттегендер арасында кең танылған деуге келмейді. Дағджы арқылы мындаған оқырман II Дүниежүзілік соғыс кезінде әскерлердің бастан өткерген ауыр да азапты күндерін оқып білді. [Kara, 2015: 74].

## **11. ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫНЫҢ СОҢЫ**

Легион құруда немістер екі түрлі мақсат қойды. Біріншіден, өзінің әскерінің орнын сырттан келген, тұтқынға түскендермен толтырып отыру. Олар жерді жақсы біледі, екіншіден, әрбір ұлтты бір біріне айдап салу, солайша тезірек соғысты аяқтап, жаулап алу [Романько, 2014: 32]. Кеңес үкіметіндегі тарихшылар неміс үкіметі легионерлер құру арқылы саяси қағида ұстанды деді. Легионерлер үшін ең ауыр уақыт 1943 жыл еді. Себебі олар Германияның жеңіске жететініне сенімі аз еді. Сол үшін олардың тәртібіне, әскери рухына әсер етті [Романько, 2014: 32].

1945 жылдың 8-мамыр күні Гитлер Германиясы жеңіліс тапқан соң Түркістан легионының маңызды бөлімі таратылады. Біраз бөлігі басы ауған жақа қашып кетсе, енді



бір тобы өз еркімен беріледі, енді бір тобы тұтқынға алынады. Түркістан легионы құрамында болғандарды Кеңес одағының әр бұрышында Қызыл Армиядан қашып Фашистік Германияның лагерьлерінен пана тапқандар деп қарастырды. Вели Қаюм Хан, Баймырза Хайыт, Икрам Хан Хусейн соғыс соңында Германияда өмір сүріп, ұзақ жылдар бойы Түркі әлемі, Түрікшілдік, Тұраншылдық секілді саяси-мәдени майданда қызмет етті. Демек Мұстафа Шоқай егер тірі болған болса мыңдаған Түркістандық әскерлерге көмегін беріп, соңында өзі елге қайтпай, осы Қаюм Хан сияқты Германияда өмірін жалғастыра берер ма еді деген өкініш бар [Қара, 2015: 73]. Легионерлердің ең үлкен қорқынышы *Жаумен байланыста болған отанын сатқандар* деп жазаланатындарын білді. Кеңес одағы 1929 жылғы әскери тұтқындар туралы Әлемдік қауымдастықтың Женева конвенциясына қол қойылмауы себепті олар Гитлер мен Сталин арасындағы тарихтағы ең үлкен жауыздықты бастан кешірді. 1945 жылғы 24 ақпандағы Ялта Конвенциясы бойынша, тұтқындар өздері азаматы болып есептелетін елге қайтарылуы тиіс болды [Çelik, 2015: 241].

Соғыс аяқталған соң Түркістан легионы құрамында болған әскерилерді *сатқын* деп танылды [Çelik, 2015: 181]. Ал нақты шындығына келгенде, Түркістан легионы құрамында соғысқандар не Кеңес әскеріне жатпады немесе неміс әскері де емес еді. Олар қоғам үшін ешқандай қылмысқа барған емес [Çelik, 2015: 181]. Фашистік Германия шегіне бастағанда-ақ Түркістан легионы құрамында болған әскерлер отанына қайтуға асыққан жоқ. Себебі, олар алдын ала өздерін не күтіп тұрғанын білді, сол үшін қалай да кері оралмаудың жолын іздеді. Бірақ Мәскеу Түркістан легионында болғандардың жолын кесуге дайындалды. Соғыстың аяқталуын күтпей-ақ Кремль жетекшілері Германияға қатысты одақтас елдер арасында бітімгершілік шарттары туралы құжаттарға қол қоя бастады. Бұл құжат бойынша барлық Кеңес одағынан шығып кеткен азаматтар немістермен бірге Кеңес одағына оралуы керек болды. Сондай-ақ Сталин табанды түрде неміс әскері құрамында Кеңестер одағына қарсы соғысқан барлық кеңес әскерін толығымен қайтаруды талап етті. Осы себепті 1945 жылдың соңына дейін Германия, Италия, Австрия және Франциядағы кеңес әскерлері ештеңеге қарамастан Кеңес одағына тапсырылды. Қолға түскендері бәрібір рахат өмір кешпейтінін білгендіктен өз-өздеріне қол жұмсағаны, пойыздың астына түсіп мерт болғандары жетерлік. Соғыстан кейін Мәскеу арнайы комиссия құрды. Басты мақсат Батыс Европаны түгел аралап, ол жақтағы

босқындары анықтау сосын *отан сіздерді күтеді, ешқандай жаза болмайды* деп оларды елге қайтару үшін үгіт-насихат жүргізді [Kara, 2015: 84].

Батыс Европада жүрген Кеңес одағы азаматтарын еркінен тыс мәжбүрлі түрде қайтару трагедиясына Батыс елдері тек 1946 жылы ғана мән бере бастады. Әсіресе АҚШ-та UNRA (Біріккен ұлттар ұйымының Көмек қоғамы) белсенді кірісе бастады. Соңында бұл мәселе Біріккен ұлттар ұйымы күн тәртібінде қаралды. Онда адам сияқты өмір сүруді қалайтын, зорлық-зомбылық режимінен құтылғысы келетін кінәсіз адамдарды еркінен тыс репрессиялық тұрғыда күштеп қайтару қылмыс деп танылды. Осылайша 1946 жылы қарапайым босқындарды Мәскеуге депортациялау аяқталды. Бірақ алғашында Кеңес армиясы құрамында соғысқан, сосын тұтқынға түсіп, немістер жағына өткен адамдарды қайтару ісі жалғасты [Kara, 2015: 85]. Түркістан легионы құрамында болған әскерлердің қолынан қару-жарағы алынып, аты-жөні анықталған соң Кеңес әскеріне тапсырылады. Ал, бұл ауыр азапты күндердің қайта басталғанын білдірді. Мұны жақсы түсінген түркістандық легион әскері пойыз Альпі тауын өте бере мүмкіндігі болғандар өздерін төмен лақырады. Бұлай жасай алмағандары өз-өзін өлімге қияды. Қалғандары өздерін теңізге лақтырады. Тірі қалғандары Қызыл Армия қолына түскен соң ату жазасына кесіліп, түрмеге жабылып, Түркістан легионы құрамында болғандардың соңғы ғұмыры осылайша аянышты аяқталады [Çelik, 2015: 241].

Түркістан легионын Кеңес одағына тапсыратын кезде әскерді ұлты бойынша бөледі. Неміс генералы Хейгендорф Британ шенеуніктеріне соңғы өтінішін білдіреді. Ол Түркістан легионы құрамында болғандарды Қызыл армияға бермей, *оларды неміс деп тіркеу керек* деген ұсыныс айтады. Бірақ олар бұл талабын орындамайды. Егер Британия шенеуніктері Хейгендорфтың ұсыныс-талабын қабыл еткенде қаншама Түркістандық әскерлер тірі қалып, өмірін жалғастырар еді деген өкініш бар. Мұсылман легионерлер үшін жаны ашып, оларды тірідей Кеңес армиясына бермеу үшін барын салған Хейгендорф кім деген сұраққа жауап іздеп көрдік. Ральф фон Хейгендорф - 1943 жылы мамыр айында құрылған 162-нші Түркістан дивизиясының командирі, генерал-лейтенант. 1943 жылдың қазан айында дивизия солтүстік Италияға аттанады. Бұлар остлегион ішіндегі ең ірі дивизия болып саналды. Екіншіден, 1944 жылы Берлинде өткен Еділ-Орал құрылтайында баяндама оқыған генерал. Тарихшы Фаузия Байрамова осы құрылтай жайында жазған мақаласында былай дейді: *Ресей және татар тарихшылары бұл құрылтайға жоғары шенді Германия әскерлері қатыспады, немістер жеңген күннің*

өзінде түркі халқына еркіндік бермес еді деуі қате түсінік екенін алға тартады. Тарихшы Байрамованың сөзінше, Еділ-Орал құрылтайына Алман генералдары да, профессорлары да қатысып, баяндама оқыды. Мысалы, легион командирлері генерал-майор Фон Хейгендорф өз сөзінде: *Алман-татар достығы әрқашан берік болатынын, большевизмге қарсы соғыста жеңіске бірге қол жеткізетінін айтты* дейді (<https://groups.google.com>, 25.12.23).

Ескере кететіні, бұл құрылтай атауы *Еділ-Орал құрылтайы* аталса да, мұнда мұсылман түркі халықтарынан құрылған, арасында Түркістан легионынан да әскерлер қатысады. Соғыс аяқталғанда генерал Фон Хейгендорфтың Қызыл Армияға Түркістандық әскерлері бермейік деп ұсыныс айтуы да жайдан-жай емес екенін байқауға болады. 162-нші Түркістан дивизиясының командирі ретінде өзі басшылық еткен әскерін өлімге қимағаны, екіншіден осы құрылтайда сөйлеген сөзі, берген уәдесі әсер еткен болуы керек деп топшылаймыз.

Тарихшы Фаузия Байрамова осы мақаласында тағы бір мәселені көтереді. Татар ұлтының азаттығы жолында құрбан болғандардың жүріп өткен жолын білетіндер аз, бұл тарих әлі де зерттелуі тиіс екендігін жазады. Ол бүгінге дейін Гитлер Германиясы қатарында соғысқандарды *отанын сатқан, кінәлілер* деп санайтынын жеткізеді. *Татар халқының еркіндігі үшін күрескен әскерлерімізге жабылған жаланы қабылдамаймыз. Біз үшін олар ұлт үшін жанын қиған қаһармандар* деген батыл шешім айтады. Осы ұстаным бүгінгі Қазақ халқының да ұстанымы болуы тиіс. Түркістан легионында болған әскерлер Отанын сатқандар емес, азаттығымыз үшін күрескен батырлар болып қабылдануы тиіс (<https://groups.google.com>, 25.12.23).

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мұстафа Шоқай Түркістан легионын құрған жоқ. Фашистік Германияның соғыс басталмай тұрып лагерьлер құра бастауы бұған дәлел. Екіншіден, Еуропада эмиграцияда жүрген Түркістандық саяси лидерге легион құру секілді құпия жұмысты беруге жол бермес те еді. Мұстафа Шоқай Қызыл Армия қатарынан тұтқынға түскен басқа да әскерлер секілді фашистік Германияның қолына түскен тұтқын екенін мойындайтын уақыт келді. Айырмашылығы – тұтқынға түскен әскерлер майдан шебінде ұсталса, Мұстафа Шоқай өз үйінен тапа-тал түсте тұтқындалып, лагерьлерге тілмаш ретінде жөнелтілді. Мұстафа Шоқайдың ең жанды жерін дөп басқан алман әскерінің жетекшілері

Мұстафа Шоқайдың тұтқынға түскен әскер алдындағы абырой-беделін қолдануды ойлады. Түркістандық мұсылман әскерлерін құтқарудың бір жолы легион құру екенін айтқанда Мұстафа Шоқай бұған келісімін бермеді. Бірақ саяси қайраткер немістерге бұл тұтқынға түскен Түркістандық әскерді білімі бойынша оқуын жалғастыруға мүмкіндік беру керектігін және жұмысқа салуды сұрады. Бірақ немістер үшін Мұстафа Шоқайдың ұсынысы тиімсіз болды. Соңында Түркістан легионын құру ісі фашистік Германияға ешқандай абырой алып келмеді.

II Дүниежүзілік соғыс жайлы жазылған еңбектерді салыстырып оқып шыққанда түйгеніміз, бұл соғысқа жаңаша көзқарас пен шынайы ақпараттардың қажеттігі сезілді. Себебі, бір ұлттың ерен еңбегі баса айтылып, соғыста ерлік көрсетілген өзге ұлт өкілдерінің тасада қалуы, біздің нысанымыз болған Түркістан легионы *сатқындар* деген қара таңбасы алынбауы егемен ел болған мемлекетке сын. Егер зерттеушілер тарапынан қызығушылық, ал мемлекеттен қолдау болса бұл тақырыпта үлкен зерттеу жобалар жасауға болады. Нәтижеде, Түркістан легионы құрамында болған жазықсыз әскер рухы шат болып, бұл тарих шынайы бағасын алады. Ал, *Мұстафа Шоқайдың Түркістан легионына қатысы болды* деген жалаға нүкте қойылып, Қазақстандағы Мұстафатану ғылымына даңғыл жол ашылады. Үшіншіден, елдегі *9-мамыр Жеңіс күні* жаңаша сипат алады.

Қазақ халқы соғыстың мәжбүр қатысушысы, соғысқа ресейлік тұрғыдан қарауды қою керек деп есептейтін жазушы-публицист Марат Бәйділдаұлының жазуынша, Шығыс Еуропадағы совет-герман соғысында ленд-лиз көмегімен Кеңес Одағы жеңді. Түркістан легионы қатарында қолына қару алған отандастарымызды да түпкілікті ақтау қажет. Қазақтан бұл соғыстың бастаушысы болған емес (Жазушы-публицист Марат Бәйділдаұлының фейсбук парақшасынан алынды. 20.12.2023).

## **EXTENDED SUMMARY**

When we compared and read the works written about World War II, we felt the need for a new approach to this war and real information. The reason is that the meritorious work of one nation is highlighted and the representatives of other nations who have shown bravery in the war are left behind, and the Turkestan Legion, which is our target, is not labeled as "traitors" is a criticism of the sovereign state.

If there is interest from researchers and support from the state, it is possible to create large research projects on this topic. As a result, the spirit of the innocent soldiers who were part of the Turkestan Legion will be happy, and this history will receive its true value. And the slander that Mustafa Shokay was involved in the Turkestan Legion was put to an end, and the way to Mustafatanu science in Kazakhstan was opened. Thirdly, May 9 Victory Day in the country will take on a new character.

According to writer-publicist Marat Baidildauli, who believes that the Kazakh people are a forced participant in the war, the war should be stopped from the Russian point of view, the Soviet Union won the Soviet-German war in Eastern Europe with the help of Lend-Lease. Our compatriots, who took up arms in the ranks of the Turkestan Legion, need to be finally acquitted. The Kazakh was not the initiator of this war.

## **БИБЛИОГРАФИЯ**

- Çelik, L. (2015). II. Dünya Savaşında Almanya Saflarında Savaşan “Türkistan Lejyon Ordusu“. Doktora Tezi, Konya.
- Kara, A. (2002). Türkistan Ateşi Mustafa Çokay’ın Hayatı ve Mücadelesi. İstanbul, 266.
- Kara, A; Kul, Ö; Ferhatoğlu, F. (2017). Doğumunun 100. yılında Baymirza Hayit ve günümüzde Türkistan tarihi araştırmaları uluslararası sempozyumu bildirileri. İstanbul.
- Kara, A. (2015). Истина Туркестанского легиона – между свастикой и красной звездой. Астана.
- Yeraliyeva, K. (2023). Мұстафа Шоқай және Әзірбайжан. III. Uluslararası Türk Dünyası İletişim ve Sanat Sempozyumu. Bakü. Azerbaycan. Bildiriler Kitabı.
- Исахан, М. (2020). Түркістан Ұлттық Комитеті және Түркістан легионы, <https://kazislam.kz/turkistan-ulttyq-komiteti-zhane-turki/>, (Erişim Tarihi: 27.12.23).
- Мендіқұлова, Г. (2016). Туркестанцы во Второй мировой войне: из плена в Соппротивление, <https://informburo.kz/stati/turkestancy-vo-vtoroy-mirovoy-voyne-iz-plena-v-soprotivlenie.html>, (Erişim Tarihi: 27.12.23).
- Мифы о народах-предателях в Великой Отечественной войне. (2011). <https://chechnyatoday.com/news/15322>, (Erişim tarihi: 08.11.2023).

- Никитина, Н. (2021). Имя им – Туркестанский легион. Как казахи, узбеки и кыргызы оказались в армии Третьего рейха, и в чем заключалась их служба, <https://mediazona.ca/article/2021/05/11/legion>, (Erişim Tarihi: 28.12.23).
- Почему немцы не соблюдали нормы Женевской Конвенции по отношению к советским военнопленным. (2019), <https://weekend.rambler.ru/other/42161750-pochemu-nemtsy-ne-soblyudali-normy-zhenevskoy-konventsii-po-otnosheniyu-k-sovetskim-voennoplennym/>, (Erişim tarihi: 23.12.23).
- Романько, О. (2014). Восточные легионы в силовых структурах нацистской Германии (1941-1945): организация, личный состав и численность. Мусульманский мир. Казань, - №4. Bayramova, F. İdil-Ural Kurultayı. (2009). <https://groups.google.com/g/milli-maksat/c/4lkqe1-qfvg?pli=1>, (Erişim tarihi: 25.12.23).
- Темботовна, Н. (2000). Восточные легионы в Вермахте в годы Великой Отечественной Войны 1941 - 1945 гг. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Майкоп.
- Хайитов, Ш. (2015). Историческая судьба туркестанских военнопленных второй мировой войны. «Метаморфозы истории» Научный альманах . Выпуск 6. 53 б.

## АЛТАЙ АУЫЛЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ

Гүлханыс АРЫСТАНОВА\* 

Темірғали АРШАБЕКОВ\*\* 

Айдаржан ҚАСЕНОВ\*\*\* 

### Аңдатпа

Бұл мақала 2019 жылдан бері үш автордың Түркия Республикасының Алтай ауылы Улыкышла ауданы (Нийде), Салихли, Измир және Ыстамбұлда тұратын қазақтардың материалды мәдениетін жинақтау үшін арнайы ұйымдастырылған далалық этнографиялық экспедицияның нәтижелері ретінде жарияланатын мақалалар тізбегінің (сериясы) бастамасы.

Аталмыш мақалада Алтай қазақтарының Түркияға қоныстанушы иммигранттар ретінде қабылдануы, қоныстануы, этникалық құрамы жайында сөз қозғай келе, Алтай қазақтарының Түркиядағы қара шаңырағы Нийде қаласы, Улыкышла ауданына қарасты Алтай ауылында тұратын қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне бір сөзбен айтқанда, өткені мен бүгініне қысқаша шолу жасалады. Өйткені Алтай ауылы – Алтай қазақтарының қара шаңырағы саналады.

Алтай қазақтарының этнографиялық және тарихи мәдени құндылықтарын зерттеудің мақсаты – көшпелі қазақтардың тарихына, материалдық мәдениетіне, көшпелі мәдениет синдромына байланысты В. Хейсиг пен К. Урай-Кохальмидің әдістемелік көзқарасы негізінде кешенді сараптама жүргізу болып табылады. Зерттеу барысында сипаттамалық зерттеу әдісі, этнографиялық деректер жинау әдісіне сүйене отырып, Алтай қазақтарымен тікелей кездесіп, информаторлардан сұрақ-жауап және тыңдау арқылы материалдар таспаға жазып алынды. Сонымен қатар естелік ретінде сақталған құжат, суреттерге талдама жасалды. Тарихи синхронды-диахронды әдіс арқылы өткені мен бүгініне шолу жасалды.

Нәтижеде информаторлардың жауаптары күні бүгінге дейін жазылған мақала, кітап, роман, естеліктер және академиялық жұмыстармен салыстырылып, толықтырылды. Алтай ауылы қазақтарының өткен кезеңі жинақталып, жүйеленіп, жаһандану кезіндегі өмір сүру салты мен тұрмысы хатқа түсірілді. Көп сериялы шығатын бұл мақала тізбегі алдағы уақытта қазақтың тарихын, мәдениетін, әр рудың этникалық ерекшеліктері мен орналасқан жерлерін, тіпті киім-кешек пен әшекейлері, орнаменттерінің ерекшеліктерін, бір сөзбен айтқанда, материалды мәдениеті мен әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін детальді зерттеуге мүмкіндік береді.

2019 жылдың 29 шілдесінде Алтай ауылын көркейту, қазақ мәдениетін насихаттау қауымдастығы (Алтай ауылы/Нийде), Улыкышла ауданы Нийде әкімшілігі мен Анкарадағы Қазақстан елшілігі тарапынан ұйымдастырылған шараға арнайы бардық. Сол кезде Бурса мен Алтай қазақтары тұратын Салихли, Измир сынды қалаларға да далалық этнографиялық экспедиция жүргізу барысында Бурса - Алтай ауылы (Нийде) - Салихли - Измир - Бурса қаласына баруымыз үшін көлікті өзі жүргізіп, бізді қолдаған досымыз Метин Кайыш пен жұбайы Ясемин Кайыштарға алғысымыз шексіз.

**Кілт сөз:** көш, Түркия, қоныс аудару, Алтай ауылы

\* Еөтвөш Лоранд университеті, Моңғол және Ішкі Азия зерттеулері департаментінің Ph.D студенті, [gulhanis@mail.ru](mailto:gulhanis@mail.ru).

\*\* Қарағанды облыстық ғылыми техникалық құжаттама жөніндегі архив басшысы, [temir\\_amir@mail.ru](mailto:temir_amir@mail.ru).

\*\*\* Ұлытау облысы, Жезқазған мемлекеттік архив қызметкері, аудармашы, [khasenaidarzhan@mail.ru](mailto:khasenaidarzhan@mail.ru).

## **Краткий обзор прошлого и настоящего казахов села Алтай**

### **Аннотация**

Данная статья является инициативой по подготовке серии статей, которые будут опубликованы как итоги полевой этнографической экспедиции, организованной с 2019 года тремя авторами планомерно для сбора материальной культуры казахов, проживающих в селе Алтай Турецкой Республики, а районе Улыкышла (Нийде), Салихли, Измире и Стамбуле.

В упомянутой статье речь идет о принятии алтайских казахов в качестве вынужденно перемещенных лиц – переселенцев-постояльцев, их расселении, этническом составе, делается краткий обзор прошлого и настоящего жизни казахов, проживающих в Алтайском селе города Нийде Улыкышлинского района, алтайских казахов в Турции. Потому что село Алтай считается уважаемым и почитаемым домом алтайских казахов.

Целью изучения этнографических и историко-культурных ценностей казахов Алтая является изучение истории, материальной культуры казахов-кочевников, элементов материальной культуры, связанных с феноменом кочевой культуры. Проведение комплексной экспертизы на основе методологического подхода В. Хейссига и К. Урай - Кохальми. В ходе исследования, опираясь на описательный метод исследования, метод сбора этнографических данных, материалы были записаны на пленку путём прямой встречи с алтайскими казаками, вопросов и ответов от информаторов. Также был проанализирован документ, сохранившийся на память, изображения. Был проведен обзор прошлого и настоящего с помощью исторического синхронно-диахронного метода.

В результате ответы информаторов были сопоставлены и дополнены статьями, книгами, романами, мемуарами и академическими работами, написанными в современности. Прошлое казахов села Алтай было обобщено и систематизировано, а образ жизни и быт в условиях глобализации запечатлены в письме. Эта многослойная серия статей позволит в дальнейшем детально изучить казахскую историю, культуру, этнические особенности и локации каждого рода и даже особенности одежды и украшений, локаций, словом, материальной культуры и обычаев.

29 июня 2019 года с обществом Благоустройства села Алтай, развития и поддержки казахского аула (село Алтай) муниципалитета Улыкышла (Нийде) совершили поездку в село Алтай (Нийде) в рамках специально организованного мероприятия со стороны губернатора Нийде и казахского посольства в Анкаре.

В связи с этим, выражаем безмерную благодарность за оказанную помощь в ходе поездки по маршруту Бурса-село Алтай (Нийде)-Салихли-Измир-Бурса для проведения полевой этнографической экспедиции в городах Бурса, Салихли, Измир и на местах проживания Алтайских казахов нашему другу Метин Кайыш и его жена Ясемин Кайыш за поддержку и оказанную огромную помощь, за предоставление собственной автомашины.

**Ключевые слова:** Миграция, Турция, переселение, село Алтай.

## **ALTAY KÖYÜ KAZAKLARININ DÜNÜ VE BÜĞÜNÜNE KISA BIR BAKIŞ**

### **Özet**

Bu makale, 2019 yılından itibaren üç araştırmacı tarafından Türkiye Cumhuriyeti'nin Altay köyü (Niğde), Salihli, İzmir ve İstanbul ilçelerinde yaşayan Kazakların maddi kültürünü araştırıp, derleyip toplamak için düzenlenen bir etnografik saha araştırmasının sonucu olarak yayınlanacak dizi makalenin bir girişimidir. Bu çalışmada Altay Kazaklarının *iskanlı göçmen* olarak Türkiye'ye gelişi, yerleşimi, etnik yapılarından genel olarak bahsederek Altay Kazaklarının Türkiye'deki *kara şarırağı* Niğde İli Ulukışla ilçesi Altay köyünde yaşayan Kazakların yaşamına bir değişle dün ve bugününe kısa bir bakış sunulmuştur.

Altay Kazaklarının etnografik, tarihi ve kültürel değerlerini incelemenin amacı göçebe Kazakların maddi kültürüne ve göçebe kültürü sendromuyla ilgili maddi kültürü unsurlarına B. Heissig ve K. Uray Köhalmi'nin metodik yaklaşımı temelinde kapsamlı bir inceleme yürütmeye dayanmaktadır. Makalede betimsel araştırma yöntemi, veri toplama yöntemi, etnografik saha araştırması yapılmıştır.



Betimsel araştırma ve veri toplama yöntemine dayalı olarak yürütülen araştırma sürecinde Altay köyüne bizzat gidilerek, muhbirlerle yüz yüze görüşülerek, soru cevap şeklinde sohbetler kaydedilmiş, evlerinde hatıra olarak sakladığı belge ve fotoğraflar incelenmiştir.

Sonuç olarak muhbirlerin cevaplar ve onların tarafından bize sunduğu belge, fotoğraf, albümleri günümüze kadar yazılan eser, makale, akademik çalışmalarla karşılaştırılarak desteklenmiştir. Altay köyü Kazaklarının geçmişi derlenip sistematize edildi. Ayrıyeten küreselleşme sürecindeki yaşam tarzları kayıt altına alınmıştır. İleride bu Altay Kazaklarına dair yazılacak tüm makale dizisi Kazak tarihi, kültürü, etnik özellikleri, her kabile ve boyun giydiği kıyafetleri ve süsleme özellikleri, giysi kalıpları, bezemeleri, kısacası maddi kültür, gelenek ve göreneklere, örf ve adetleri hakkında mikro ve detay çalışmaya olanak sağlayacaktır.

29 Temmuz 2019 yılında Altay köyü Güzelleştirme- Kazak Köyünü Tanıtma ve Yaşatma Derneği Niğde Valiliği ve Kazakistan Elçiliği tarafından düzenlenen etkinliğe katıldık. Bu etnografik saha araştırması hususunda Bursa- Altay köyü (Niğde) - Salihli - İzmir - Bursa istikametine gidip gelmemiz için aracını sağlayan değerli dostlarımız Metin Kayış ve Yasemin Kayış'a çok teşekkür ederiz.

**Anahtar kelime:** göç, Türkiye, yeni yerleşim, Altay köyü.

## **A Brief Overview of the Past and Present of the Kazakh Village of Altai**

### **Abstract**

This article is an initiative of a series of articles (series) to be published as the results of a field ethnographic expedition organised from 2019 by three authors specifically to collect the material culture of the Kazakhs living in the Altai village of the Republic of Turkey, the municipality of Ulukishla (Niğde), Salihli, Izmir and Istanbul. The mentioned article deals with the acceptance of Altai Kazakhs as immigrants with settlement, their ethnic composition, and a brief overview of the past and present life of Kazakhs living in the Altai village of the city of Niida, Ulikyshlinsky district, and Altai Kazakhs in Turkey. Because the village of Altai is considered a respected and revered home of the Altai Kazakhs. The purpose of studying the ethnographic and historical and cultural values of the Kazakhs of Altai is to study the history, the material culture of the Kazakh nomads, the elements of the material culture connected with the phenomena of the nomadic culture. Carrying out a comprehensive study based on the methodological approach of W. Heissig and K. Uraj-Kochalmi in the course of study based on the descriptive method of collecting ethnographic data, the materials were recorded on tape through direct meetings with Altai Kazakhs, questions and answers of informants.

In addition, the documents preserved in memory, pictures were analysed. A review of the past and present was carried out using the historical synchronous-diachronic method. The responses of the informants were then collated and supplemented with articles, books, novels, memoirs and academic works written in modern times. The past of the Kazakhs in the village of Altai was summarised and systematised, and the way of life and lifestyle in the context of globalisation was captured in a letter. This multi-layered series of articles will allow further study of Kazakh history, culture, ethnic features and locations of each clan, and even features of clothing and jewellery, locations, in a word, material culture and customs.

On June 29, 2019, with the Society for the Improvement of the Altai Village, Development and Support of the Kazakh Aul (Altai Village) of the Ulykyshla Municipality (Niide), we made a trip to the Altai village (Niide) as part of a specially organized event by the Governor of Niide and the Kazakh Embassy in Ankara.

In this regard, we express our immense gratitude for the assistance provided during the trip along the route Bursa-the village of Altai (Niide)-Salihli-Izmir-Bursa to conduct a field ethnographic expedition in the cities of Bursa, Salihli, Izmir and in the places of residence of the Altai Kazakhs to our friend Metin Kayış and his wife Yasemin Kayış for their support and enormous assistance, for providing their own car.

**Keywords:** Migration, Turkey, Resettlement, Altai.

## **КІРІСПЕ**

Профессор Әбдіуақап Қара, күні бүгінге дейін Түркияға қоныс тепкен Алтай қазақтары туралы жазылған зерттеулерді төрт кезеңге бөліп қарастырып, көрсетілген уақыт аралығында жазылған барлық материалдарға кеңінен тоқталып өткен:

1. Қазақтардың әлемге танытылуы (1952-1960)
2. Қазақтардың өздерін Түрік халқына және өз ұрпағына танытуы (1960-1980)
3. Қазақтардың Түркиядағы тыныс тіршілігін зерттеу (1980-1993)
4. Түркиядағы Қазақтардың өздерін Қазақстанға танытуы (1993- ...) [Қара. 2006: 545-546].

Нақтысы қазақ көші, Қытай, Моңғолия мен Түркияға көшкен қазақтар жайлы өте көп еңбектер мен естеліктер жазылды. Әбдіуақап Қара *Орта Азиядан Анадолыға түрік өнері мен мәдениеті* (Orta Asya'dan Anadolu'ya Türk Sanatı ve Kültürü) атты жинақта Түркиядағы қазақтар жайында зерттеулер тақырыбы аясында жоғарыда көрсеткендей төрт кезеңге бөле отырып, қай кезеңде кімдердің қандай еңбек жазғаны турасында анық мәліметтер берген [Қара, 2006:545-554]. Біз тек қана біздің тақырыбымыз аясында жазылған еңбектерді ескере кетуді жөн көрдік. Соңғы уақытта бұл тақырып аясында диссертация, монография, естелік, мақала жазылып жан-жақты зерттелуде. Атап айтқанда, Годфрей Лиас [Godfrey, 1956:213] Осман батыр туралы еңбек жазса, Халифе Алтай Алтай қазақтарының Анадолыға көшуі мен тыныс тіршілігі туралы жазды [Altaу, 1977:469].

Бұл тақырып аясында біршама докторлық және магистрлік диссертациялар да жазылды. Оған Өмер Құлдың *Осман батыр мен Шығыс Түркістанның ұлттық күресі (1941-1951)* жайлы докторлық диссертациясы [Кул, 2009:454]. Найм Танер Көксойдың 1951 жылында Кәшмір қаласына келген көшті бастаушылардың бірі Құсайын Тәйжі жайында жазған *Шығыс Түркістандағы Хүсейін Тәйжінің өмірі мен қызметі (1900-1963)* атты магистрлік диссертациясы [Köksoy, 2019:88], Нийде ауылы бойынша Айшегүл Лиман Четиннің қорғаған Нигде қаласы Улуқышла ауданындағы Алтай ауылының құрылғанынан бүгінгі күнге дейінгі мәдени географиялық көрінісі [Çetin. 2006: 289] магистрлік диссертациясы, Харун Месут Акгүннің *1950 жылдары Шығыс Түркістаннан Түркияға қоныс аударған қазақтардың тарихы мен әлеуметтік*

экономикалық дамуы атты магистрлік диссертациясы [Akgün, 2019: 172] мен Марк Киршнердің 1992 жылы Түркия қазақтарының тіл ерекшелігін зерттеп қорғаған докторлық диссертация [Kirchner, 1992] мысал бола алады. Аталмыш диссертацияның ерекшелігі информаторлармен тікелей кездесіп, олардың әңгіме, сұқбаттарын таспаға жазып алып, компьютердің жәрдемімен Түркия қазақтарының сөйлеу диалектісіндегі ерекшеліктерін талдады. Батыстық зерттеушілердің қатарында И. Сванбергтің *Қытай қазақтары: этникалық азшылық туралы очерктер* (The Kazakhs of China: Essays on an Ethnic Minority) атты зерттеу еңбегі Түркия қазақтары бойынша алғашқы еңбектердің бірегейі болып саналады [Svanberg, 1988:250] жазды. Ал Мұстафа Көк *Бауырлас елде жалғасын тапқан салт-дәстүр және Алтай ауылы* атты мақаласында ғылыми емес, өзі бірнеше жыл аталмыш ауылдың ауылнайы болғандықтан әкімшілік тұрғыдан Алтай ауылы туралы біраз дерек берген [Көк, 2019: 17-24].

## **1. ЗЕРТТЕУДЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДІС**

Алдағы уақытта жариялайтын төрт мақаланың зерттеу әдістері төмендегідей болмақ:

- Зерттеу әдістерінде ең алдымен Шығыс Түркістандағы қазақтардың көші, көш жолы, Түркияға орнығуы туралы қолданыстағы дереккөздер мен құжаттарды ауқымды жинап, зерттеп, материалдарға шолу жасау;

- Тек қана Алтай қазақтары бойынша зерттелген материалдарды қарастыру; Арнайы 2019 жылдың 20 шілдесінде ғылыми еңбектер, фото, құжат, аудиоматериалдар, материалдық тақырыптар бойынша еркін сұқбаттар, электронды пошта сұқбаттарын қолдану;

- Алтай қазақтарының тарихына, материалдық мәдениетіне, көшпелі мәдениет синдромына байланысты материалдық мәдениет элементтеріне В. Хейссиг пен К. Урай-Кохальмидің әдістемелік көзқарасы негізінде кешенді сараптама жүргізу;

- Зерттеу барысында сипаттамалық зерттеу әдісін қолдану, этнографиялық деректер жинау;

Алтай қазақтарымен тікелей кездесіп, информаторлардан сұрақ-жауап және тыңдау арқылы материалды таспаға жазу;

- Естелік ретінде сақталған құжат, суреттерге талдама жасау;
- Тарихи синхронды-диахронды әдіс арқылы өткені мен бүгініне шолу жасау.

## **2. ТАРИХИ ШОЛУ**

Алтай – көшпелі қазақтың ежелгі мекені болғаны жұртшылыққа аян. Бұл жайында Жәди Шәкенұлы Қаралы көш романында былай деп сипаттайды: *Аталарымыз Алтайдан ауып, Сыр бойына дейін босқан еді. Онан Арқа мен Алатауды айналып келіп, сол киелі жерге керегемізді қайта жайғанбыз. Менің кіндік қанымның Алтайда тамғанын да жақсы білесің, ал енді дәмім таусылса Баркөлде қалмақпын. Бұл да Алланың жазған жазуы, сызған сызығы болар. Бірақ мынау есіңде болсын, мейлі шығыстағы Бәйтік, Қаптық, Бұлғын, Қобда жері болсын, терістіктегі Алтай, Тарбағатай даласы болсын, осы Баркөл өңірі болсын, бәрі де – ата-бабаларымыздың бізге енші етіп кеткен даласы. Басқаны айтпай-ақ қояйын, шығысындағы Аратүрік деген жердің аты да талайды ұқтырып тұрған жоқ па. Түрік елі қуатты мемлекет болған ежелгі заманда Шығыс Түрік, Батыс Түрік деген екі елге бөлініпті дейтін аңыз бар. Сол екі түріктің шекарасы Аратүрік атасқан деуші еді. Атадан қалған жердің алалығы болмайды. Сендерді жаман жерде қалдырып бара жатырмын деп айта алмаймын [Жәди Шәкенұлы Қаралы көш романынан үзінді, 10.12.2023].*

XIX ғасыр мен XX ғасыр басында Орталық Азия үшін өзара үлкен таласқа Ресей патшалығы мен Британ империясы түскені тарихтан белгілі. Бұл тартысты Ресей империясы өзінің оңтүстік шекаралары қауіпсіздігі үшін деп алдап түсіндірсе, ағылшындар жағы өзінің Үнді мен Парсы шығанағында орнығу мәселесімен байланыстырды. Біртұтас тұрғыдан алғанда сыртқы саясатты жүйе ретінде қарастыру сол кездегі Орталық Азияға қатысты әрбір империяның ұстанған мотивтерін нақтылауға мүмкіндік береді, ал империялар арасындағы геосаяси сипаттамалар мен ықпал ету салалары модельдеу арқылы айқындалады [Zhangabulova, Alrysbes, 2021]. Бұл жайында тыңғылықты зерттеулерін жүргізген біршама ғалымдар ой-пікірлерін білдірген, жан-жақты талдау ізденістерін жасаған. Сондай-ақ, Шыңжан өлкесінің тарихына қатысты мәселелер де зерттеу нысанына айналған. *Қазақтың дәстүрлі жер танымында Үлкен Жетісу, ал тарихи-географиялық еңбектер мен ғылыми әдебиетте Шығыс Түркістан*

атымен белгілі әйгілі өлкенің 1860-1870-шы жылдар аралығында өткерген оқиғаларын зерттеп қарастыру, қазіргі таңда Шыңжаңдағы қалыптасқан күрделі саяси ахуалдың алғышарттарын түсіну үшін аса маңызды. Сол кезде пайда болған Жақыпбектің Жетішар мемлекеті қазіргі таңдағы «Шыңжаң» атымен белгілі ежелгі түркілік кең байтақ аймағының бүкіл жерлерін қамтыды - дейді зерттеушілер [Алпысбес, Ергалиева, Халиева, 2018].

Алтайдай құт мекендегі қазақ халқының этникалық тарихы XVIII ғасырда бірнеше саяси оқиғаларға қатысты болды. XVIII ғасырдың екінші жартысында Жоңғария хандығы құлаған соң, керей, найман руларының ежелгі ата қоныстары Алтай таулары еді. Негізінде Қытай, Моңғолия мен Түркиядағы қазақтар сонымен қатар Түркия арқылы Еуропаға кеткен қазақтардың түбі тегінде Алтай, Тарбағатайдан арғы бетке өткен қазақтар. Олар Тарбағатай өңірінің әдет-ғұрпы, салт-дәстүрін жалғастыруда [Информант: Сымбат Мұталлапханқызы, 27.11.2023] десе, информант Мұстафа Көктің айтуы бойынша әкесінен естігені *Арғы атасы Қарақас руының батыры Қаптағай батырдың бейіті Шығыс Қазақстанның Зайсан ауданында жерленген. Қазіргі Қытайға қарасты аймақтар ол кезде Қазақстанның бір қиыры болған. Әкеміз сол аймаққа Сырдария бойынан барғанын айтып отырушы еді*, дейді [Информант: Мұстафа Көк, 27.11.2023].

Абақ елі кезінде Еділ-Жайық бойында, Ор өзені саласында мұнан соң Мұғалжар таулары, Сыр бойын мекендеп, Жәнібек батырдың бастауымен Шыңғыс-Қалба тауларына қоныс аударумен қатар қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Цин патшалығы да қарым-қатынасын суытпады. Оған Петербор мен 1757-1777 жылдары Бейжіңге 10 елші жібергені дәлел бола алады [Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары, 2009].


Қазақ сұлтандары Ресей мен Қытай империяларының өзара қайшылықтарын қазақ хандығы мүддесіне пайдаланып отырды. 1745 жылы Қалдан Серен дүние салғаннан кейін Жоңғарияның билеуші топтарының тақ таласынан әлсіреп, бұрынғы әскери қуатынан айырыла бастағанын көрген Абылай жоңғар-қытай соғысын Шығыс Түркістанмен іргелес өңірдегі ойраттардың уақытша билігінде қалған қазақ жерлерін қайтаруға, елдің дербестігін толық қалпына келтіруге пайдалану үшін барынша күш салды. Абылай қазақ елінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін жағдаяттармен аянбай

күресіп, дербес сыртқы саясатты ұстанып өтті. Жазба деректерде Абылайдың шет ел басқыншыларына қарсы табанды соғыс жүргізгендігі айқын көрсетіледі [Аршабек, 2017: 450]. 1752 жылы ол бастаған қазақ әскері шамасы 15-20 мың адамдай ойрат қолының шабуылына тойтарыс берді. 1753 жылы желтоқсанда Абылай 5 мың жауынгерімен жоңғар әскерлерімен шайқасып, бірталай қазақ жерін азат етті. 1754 жылы сәуірде Абылай бастаған 1700 қазақ әскері 10 мың қалмақпен соғысуға мәжбүр болса, сол жылдың шілде- тамыз айында 4 мың әскермен Жоңғарияға жорық жасап, 3000 қалмақты тұтқынға түсірді. 1756 жылы Абылайдың бастауымен қазақтар қытайлар мен қалмақтардың біріккен күшімен екі рет шайқасып, оның бірінде жеңіліп, екіншісінде жеңіске жетті. 1757 жылы Абылайдың 6 мың әскері Қытайдың 40 мың әскерімен шайқасқаннан кейін қытайлар Абылайдан бітім сұрады. 1753-1754 жылдардағы шайқастарға Қабанбай, Бөгенбай Жанатай, Керей Жәнібек, Өтеген батырлар қысы-жазы үзбестен қатысты [Тайшыбай, 2011: 640]. Абылай бірде Қалдан Серенмен бітімге келсе, бірде Дабашыны (Давациды) шауып, бірде оны және Әмірсананы өзіне паналатты. Сөйтіп Ойрат ұлысының бөлшектене беруін көздеді. Тегеурінді әскери қимылмен қатарластырыла жүргізілген дипломатиялық әрекеттері Абылайды өз заманының ұлы қайраткері деңгейіне көтерді. 1756 жылғы соғыстан кейін 20 мыңдық Қытай армиясынан 3 мыңға жуығы ғана қайта оралған. 1757 жылдың жазында Цинь әскерлері Тарбағатай таулары арқылы қазақ жерлеріне басып кіреді және осы жерде Аягөз маңында қазақтардың қытайларға қарсы соңғы шайқасы өтті. Қазақ билеушілері Жоңғарияны қайта қалпына келтіру үшін күрестің нәтижесіздігін түсіне бастады. Сөйтіп, 1757 жылдың қыркүйегінде Пекинге Қанжігер мен Әміртай бастаған елшілер жіберілді. Императордың қабылдауында болған қазақ елшілері, бір жағынан өздерінің *1756-1757 жылдардағы әрекеттерін үлкен қателік болды* деп түсіндірсе, екінші жағынан, *Алтай мен Тарбағатайды қазақтардың заңды қоныстары* деп жариялады және оны қазақтарға беруді талап етті. 50-нші жылдардың аяғында бұл мәселелер негізінен дипломатиялық жолмен шешілді. Қазақстанның Қытаймен арадағы бұдан былайғы қатынастары екі негізгі мәселелерге атап айтқанда, жер аумағы және саудаға байланысты болды. Тарихи құжатта бұл жөнінде былай делінген: *Қытай тарапынан Қазақтар келіскен сауда мерзімінде келмесе, әзірленген сауда бұйымдары бұрынғы орынға (Баркөлге) тасып апарылсын. Биыл келген қазақтар келесі жылы да келеді* [Салғараұлы, 1998: 41].

XVIII ғасырдың 60-70 жылдары қазақтар жоңғарлардан азат етілген өз жерлері үшін тегеурінді күрес жүргізді. Алтай, Тарбағатай тауларындағы ескі қоныстарына алдымен керей және найман тайпалары, ал Жетісуға үйсіндер ұмтылды. 1864 жылы *Шәуешек Хаттамасы* арқылы Қытай мен Ресей патшалығы шекараны белгілегенде бүгінгі Түркия қазақтары Шығыс Түркістанда қалып қояды. Осы хаттама мен келісімге сәйкес Шыңжанды Қытайдың Мәнжу үкіметі өзінің саяси билігін жүргізе бастайды. Кейіннен Түркияға қоныс аударған қазақтардың ата-бабалары Шығыс Қазақстан мен Шығыс Түркістан территориясында өмір сүрген. XIX. ғасырдың соңында Алтай, Тарбағатай өңірін мекендеген қазақтар өз жерлерін тастап Құмыл, Баркөл, Мори қалаларына қарай қоныс аударуына [Kalkan. 2007:127] бірнеше себептер болды. Атап айтқанда, Ресейдің отарлауы, орыс шаруаларын қазақтың ең құнарлы деген жерлеріне жүйелі түрде орналастырып жайылым жерлерін жоюы, отырықшылық саясатын жүргізуі, қуған-сүргін, қазақтардың дүние, мал-мүлкін тартып алуы т.б.

Қазақтардың Қытайға мәжбүр кету себебін Семей облыстық мемлекеттік архив құжаттарынан көруге болады. Архивте араб қарпінде жазылған нұсқалар бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Төменде Ұлытау облысы Жезқазған мемлекеттік архив қызметкері, араб қарпімен жазылған шағатай, қадім, көркем жәдид каллиграфиялық жазуларының маманы, аудармашы Қасенов Айдаржан Балтабайұлы тарапынан аударылған архив құжаттарының аудармасын қаз-қалпында берудеміз. Бұл құжаттар біздің тақырыбымызға тұздық болды.

**Сурет 1. Қытайға ауған қазақтардың қалған малдарын үкіметтің бөліске салуы туралы архив құжаты.**



**Дереккөз:** Абай облысының мемлекеттік архиві коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алынды, Қасенов Айдаржан Балтабайұлы.

Құжаттардың ішінде Қытайға қашқан қазақтар жайындағы мәліметтер Архив құжаттары ішіндегі *Материалы по конфискации у лиц убежавших в Китай* деген сөйлемдегі *убежавших* терминін қашқандар емес, *вынужденно перемещенные* яғни, *кетуге мәжбүр болғандар* деп оқуымыз қажет. Немесе *Материалы по конфискации у лиц убежавших в Китай* сөйлемін былай аударған жөн: Қытайға ауған қазақтардың соңында қалған малдарының бөліске түсуі [Информант проф. Мақсат Алпысбес көптеп кездеседі. Мәліметтердің ішінде мысалы: 74 қор (қор), 9 іс, № 3 описьюте (тізімдеме) былай делінген. Біз араб қарпінде жазылған құжаттардың тәржімаланған қалпын өзгертпестен берудеміз:

*Қытайға қашқан байлардан жергілікті райком қызметкері әм жай ауыл азаматтарының қатысуымен түсіріп алып қалған малдар.*

*Тарбағатай ауданы бойынша:*

*6-ншы ауыл бойынша: 1728 қой, 20 сиыр, 15 жылқы, 5 түйе, 5 киіз үй.*

*4-нші: 253 қой, 6 сиыр, 4 жылқы, 1 түйе, 2 киіз үй.*

*5-нші ауылдан: 990 қой*

*3-нші ауылдан: 217 қой.*

*Жоғары (Қытайға қашқан байлардан қалған ірі қара) малдар қазіргі күнде иелері арғы беттен қайтпағандықтан колхоз мүшелері мен жай кедейлерге берілу үшін бағылуда тұр. Үлестіріліп берілген жоқ.*

*Ауатком ағасының қолы. 27/VIII – 1928 жыл.*

74 қор (қор), 9 іс, № 3 описьютің ішіндегі 300 бен 301 беттің мазмұны осы тектес.

Қор ішіндегі мәліметтерден кейінгі құжаттар легі былай болып келеді:

*Материалы по конфискации у лиц убежавций Китай (Қытайға ауған қазақтардың соңында қалған малдарының бөліске түсуі). Қор 74, іс 39, опись 3.*


Құжаттар әр қилы болып келеді. Семей төңірегіндегі болыстықтарда кәмпескеге ұшыраған байлардың тізімдері мен өмірбаяндары да кездеседі. 74-нші қордың 23 ісі 409 беттен тұрады. Құжаттың басынан бастап аяғына дейін қуғын-сүргінде болған қазақ байларының сол уақытта көрген қиыншылықтарын байқауға болады. Олардың малдарын кәмпескелеп қана қоймай, бала-шағасымен жер аударылғандары да кездеседі. Сондықтан бұл құжаттардың түпнұсқадан басқа да қаріптерге тәржімаланған ғалымдарға зерттеу үшін таптырмайтын мағлұматтар.

Келесі 74-нші қор (қор), 38 іс, 3 опись 560 беттен тұрады. Бұл қорта Абай облысы (бұрынғы Семей губерниясы) төңірегінде өмір сүрген байлардың аянышты тағдырлары



суреттеледі. Бұл мәліметтердің барлығы тәржімалауды, Кирилл қарпіне түсіруді қажет ететін таптырмайтын материалдар. 74 қор, 28 іс, 3 опись, 74 бетті құрайды. Осы секілді көптеген құжаттар бар. Бұлар зерттеуді өте қажет ететін мәліметтер екенін ескерген жөн.

**Сурет 2.** Архив материалы. Қор 74, іс 39, опись 3. 1. сурет. Қытайға ауған қазақтардың қалған малдарын үкіметтің бөліске салуы туралы архив құжаты.



**Дереккөз:** Абай облысының мемлекеттік архиві коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алынды, Қасенов Айдаржан Балтабайұлы.

Аудармасы:

қор 74, іс 39, опись 3

Бағалау акті

Тарбағатайдың аудандық Аткомы (Атқару Комитеті).

Біз Тарбағатайдың аудандық аткомы тұрған Қытай еліне кеткендерден қалған малдан колхозға беретін малдан бағалап беру комиссиясы. Түпнұсқадан тікелей аударған Қасенов Айдаржан Балтабайұлы.

Иманқұлұлы Ақмет (Аткомнан), Сатыбалдыұлы Кенжебай(кооператив), Сайғали Меңдібайұлы (қосшыдан).5-ші ауыл кеңесінің төрағасы: Арапбайұлы мен Шұбар артелінің бастығы Құлпейісұлы Нұртазаның қатысуымен жасадық. Осы акт мына төмендегідей:

*Шұбар артеліне берілген 30 қой, 8 ешкінің бағасы орта есеппен артық болғандықтан екі жүз төрт сомға бағалауға (қой) басы алты сом, ешкі 3 сомнан. Сол үшін осы актіні жасадық. Акт екі дана болып жасалды.*

*Комиссия мүшелерінің қолдары.*

*Шұбар артелінің бастығы: қолы.*

*5 ауыл кеңес ағасы: қолы 116 лист.*

*Тарбағатайдың аудандық Аткомы*

*Акт*

*Тарбағатай аудандық Аткомы. Біз Тарбағатай аудандық Аткомы құрған Қытай еліне кеткендерден қалған малдан колхозға берілетін малдан бағалап, өткізіп беру комиссиясы: Иманқұлұлы Ақмет (Атком), Сатыбалды Кенжебай (кооператив), Сайғали Меңдібай (қосшыдан).*

*4-нші ауыл Мешіт қонған артелінің бастығы: Қайыр Ешмұхамбетұлының қатысуымен осы акт төмендегідей түрде жасадық:*

*Қаралып бекіген жоба бойынша, Мешіт қонған артеліне берілген төрт ірі сиыр, 1 ірі өгіз, 5 тайынша, 45 қой, 34 ешкі. Бұл малдарды орта есеппен жергілікті баға бойынша, қойдың біреуі 6 сомнан, ешкінің біреуі 3 сомнан, сиырды 20 сомнан, бір өгізді 30 сомға, бір бұзауды 6 сомға, тайыншаны үш сомнан, сонда осы малдардың барлық жиынтығы бес жүз жиырма сегіз сом (528) бағалауға. Осы акт екі дана болып жасалды.*

*Комиссия мүшелерінің қолдары.*

*Жоғарыда жасалған актінің ішінде көрсетілген 4 ірі сиыр, 1 өгіз, 1 бұзау, бес тайынша, 45 қой, 34 ешкі және осы актінің бір данасын алдым.*

*Комиссия мүшелерінің қолдары.*

*Мешіт қонған артелінің бастығы: Ешмұхамбетұлы*

*Атком хатшысы: Әбдіқанұлы. 117 парақ.*

*Терме*

*1928-нші жылы 4-нші августте болған Тарбағатай Аткомының 6 санды басқарма мәжілісінің 6-ншы тармағынан.*

*Тыңдалды.*

*Иесіз қалған мал-мүліктерді пайдалану туралы (Оспанұлы).*

*Қаулы*

*Қытай еліне көшіп кеткен үйлер туралы үкімет бюджетіне дүниеге залал келмес үшін, солардың мал-мүлкін сатып, ең алдымен бюджетін толтырып, қалғандары қосшының пайдасына берілсін. Сату үшін бәсекеге сауда қойылсын. Жекеде басқарып алып баруға комиссия құрылсын. Аткомнан Бекбосынұлы, қосшыдан Омарұлы, аудандық ақша бөлімінен Ысқақұлы бүгіннен бастап бағалау жұмысына кіріссін. Бәсеке сауда 5/VIII – 1928-нші жылға дейін дайын болсын.*

*117 парақ. Абай облысы Абай облысының мемлекеттік архиві. КММ.*

XX. ғасырдың басында Алтай қазақтары Алтай тау сілемдерін жайлауы, Ертіс бойы мен Бұғылы-Шіңгіл, Бәйтiк, Сауыр алқаптарын, Құбы құмын қыстау етiп тұрақтанып, мекендейдi. Iргесi орныққан сайын қонысын кеңейтуге тырысты. Қаба басымен ұштас, Терiсаққан, Қомқанас, Сұмды айрық, Арал жайлауы және Үшләк Өмегейтi, Ботамойын асуы, Китiк арша, Қайырты басы, Арасан, Қара Ертіс, Бала Ертіс бастары және Көктоғай секiлдi аталы жайлауларға ие болған [Алтай, 2011: 280].

1919 жылы Алтай-Шыңжан өлкесiне қаратылып, Алтай аймағы құрылды. 1921 жылы қызылдардан жеңiлiп қашқан ақ орыс армиясы шекарадан басып кiрген кезде, Алтайдың билеушiсi Жоу-доу иың қорқып өзiн-өзi өлтiрген кезде, әскерлерi Үрiмжiге қашып кетедi. Сол кезде жергiлiктi халықтан шыққан Зұқа секiлдi ру басылар, батырлар, ақ армияға берiлмей ел қорғаны болды. Алтай аймағын қорғау Алтай халқының өзiне тапсырылды. Осы кезде Үрiмжiдегi саяси, әскери өзгерiстерден кейiн, тақ басына Шың Шы Цай (Sheng Shi Tsai) келдi. Ол жергiлiктi ұлттарға сенбедi. 1936 жылы алдындағы бұйрықты жойып, қару-жарақты жинастырып алды. Ең басты жер-жердегi жұрт белсендiлерiн Үрiмшiге барлығы шамамен 40-50-ден астам адамды құрылтайға деген желеумен шақыртады. Бұл оқиғадан соң осы аймақтағы Шенг Шы Цай 1938 жылдың басында Алтайдан Сәлiм, Қамбар, Шабдан бастаған қайраткерлер тұтқындалады. Көктоғай ауданынан: Қалел Нұртазаұлы, аймақтық үкiметтiң бас хатшысы – Мәнкей Мәмиұлы қамауға алынады [Тағатайұлы, 2009:11].

1939 жылы Алтай елiнде дiннiң пiрi болған Ақыт Үрiмжанұлы да тұтқындалады. Ел арасындағы қозғалыс алдымен Көктоғайдан бастау алады. 1940 жылдың соңында мылтық жинауға шыққан Шуй әкiм елдi аралап, бiрнеше ауылды бақылауға алады. Ақтеке би өзiне қарасты қарақас руының ер адамдарын жинайды. Аз ғана уақытта Бурылтоғай жерiне жақындағанда 500 - дей үй Үлiңгiр өзенiнен өрлеп, Сарытоғайға бет алады. Көтерiлiстi естiген Ноғайбай, Зәтәлбай, Мұса мерген бастаған Шiңгiл елдi

қосқанда мыңға тарта түтін болады. Алтай халқына, соның ішінде Көктоғай, Шіңгіл еліне соғыстың от-жалыны жалайтын үрейлі сын сағаттары соқты. Осы кезде *Мылтық жинау комиссиясы* деп аталған, Жу деген басшылық еткен 100-ге жуық қарулылар қалаға келіп, жиын ашып, мылтық жинауға кіріскен кезде аласапыран болып еді. Көтерілісшілер алғашқы шайқасты Көктоғай ауданын алудан бастап еді, Шың үкіметі Шонжыдан 200 әскер аттандырды. 1940 жылы көкек айында Шонжыда генерал Яң ди шанның басқаруында генерал Забелиннің ауыр жеңіл пулеметтермен қаруланған жеті мың әскер келіп, Шіңгілдің Шағанарға деген жерде сұрапыл соғыс ашты. Жазалаушы полк ойсырай жеңіліп, 100-ге жуық адамынан айрылады. Шың үкіметі ұшақ жіберіп, аспаннан қағаз тастап, сары атты орыстарды өлтірмеуді ұсынып, орнына кімді қаласа сол тұлғаны босататынын білдіреді. Көкек айында көтерілісшілер саны артып, 2000 түтінге жетті. Олар соғыса жүріп Бұлғын өзенінен өтіп, Моншақ деген жерге жеткенде көкпен ұшақпен бомбалап жерден броневиқ машиналар партизан шебін бұзып, атты әскерлер қоршауға алды. Соғыс бір апта жүрді. Кеңес үкіметінің саясатын қолдайтын Моңғолия үкіметі де партизандарға қарсы соғыс ашты [Таңатайұлы, 2009: 16].

Алтай көтерілісін зерттеуші Асқар Татанайұлы, Қытай Халық Республикасының Алтай аймағында дүниеге келген. Оннан астам дастан, жиырмаға жуық пьеса, мыңнан астам өлең, көптеген тарихи әңгімелер жазған қаламгер солақай саясаттың салдарынан он сегіз жылдай қуғынға ұшырап, көп қиындық көрген. Қаралы көштің басынан өткерген ақын жазбасында осы тарихи оқиғаларды былай баяндайды: ... *Алтай аймағында жеті аудан бар. Екеуі – Көктоғай мен Шіңгіл Моңғолия шекарасына жақын. Алтайдың күнгей бетінен ағатын екі өзенді үшкен Шіңгіл және Кіші Шіңгіл деп атайды. Осы екі өзеннің құйылысында Шіңгіл қаласы бар. Көктоғай – Ертістің басы. Жергілікті халықты Ақыт қажыны Сарсүмбе түрмесіне қамауы халықтың ашу ызасын келтірді. Ырысқан сөз бастап, елдігімізді есепке алып жатқан жоқ. Арыстарды абақтыға қаматып қалай отырамыз. Алдымен, Көктоғай ауданының басшысын құртып, қолға қару түсіру керек. Қытай тарапынан болған қыспақ елді мекенін тастап шығуға себепкер болды.*

Қаралы көш бірнеше мәрте болды. Халифа Алтай осы ауыр көштің сипатын өз ішінде жүріп баяндаған. *Алтайдан ауған ел* атты еңбегінен үзінді келтірсек: *1931 жылы әрі үлкен жұт, әрі жаугершіліктің салдарынан Алтай, Шіңгілдің халқы ауыр зардап шегеді. Сондықтан көптеген ауылдар Алтайды тастап, Құмыл аймағы Баркөл ауданына қоныс аударады. Осы жылдың күзінде Алтайдың Сарытоғай өзенінен көшіп,*

*Баркөл өлкесіне келдік. Баркөлдегі Шақабай руының бастығы Нұрғалидың жанына келіп, бұл жерді бес қыстап, 1938 жылы Гансу өлкесіне жеттік.*

Өр Алтайды ата жұртты тастап шығуға бел байлаған екінші көш Елісхан бастаған көш болды. Елісхан бастаған 600 түтін Шың-Шынша шекарасына Дөбастауға бұзып өтпек болады. Баркөлден шыққан көш легі де былай баяндалған: *Баркөлден алдыңғы көш 500 түтін ғана болса, бұл көш одан әжептәуір көп, 2500 түтін. 1939 жыл Іңіз тауы мен Мажын тауының арасындағы ойпатты қазақтар Кеңқияқ деп атап кеткен. Осынау босқын елге шүйліккен жау әскері де әртүрлі амалдар ойлайды, тосқауылдайды. ... Қалың көш Мажын мен Әнші өзенін көктей өтіп алдыңғы елге келіп қосылады. Бес жыл бойы ақтабан шұбырынды болып жиналған адам саны 18 мыңдай еді. Алда әлі талай асу бар.* [Алтай, 2011: 22-23].

Олардың үдере көшуіне 1933 жылы Қытайдағы Шыңжаң өлкесінің билеушісі Шенг Шы Цайдың зорлық-зомбылық, саяси қысымы мен қудалауы себеп болды [Балтабаева. 2017:45]. Әбдіуақап Қара Түркияға бір мезгілде келген екі көшті төмендегідей атап көрсетуде:

1. 1938-де Елісхан және Зайып батырлар бастаған Тибет, Гималайды (Бұланай) асып, 1941-де Үндістанға жеткен көш.

2. Қалибек әкім, Сұлтан Шәріп Зуха батыр ұлы, Құсайын Тәйжі, Дәлелхан Жаңалтай сынды төрт ел ағаларының Мау Зыдұнның төңкерісінен кейін көшіп 1951-де Кәшмір қаласына орналасқан көші.

1940 жылы ақпан айының екісінде Ырысқан, Есімхан, Нұрғожайлар бастаған көтеріліс бұрқ ете түсіп, аудан басындағы қытайды біраз әскерімен өлтіріп, халықтық сипат алды. Азаттық деп атқа қонған жасақтар қолдарына балта, шоқпар ұстап шығады да, аудан бастығы қытайды өлтіріп қасындағы біраз әскерімен қолға түсіреді. Көтерілісті басу үшін Шың Шысай арнаулы жасағын дайындап Шонжы қаласынан Бәйтiк жолымен Сарсүмбеге келеді. Қолды Яң бастап келеді. Жердегі әскеріне аспандағы ұшақтары көмектеседі. Екі жақтан бірдей шабуыл жасайды. Алайда Арманты, Бәйтiк тауларының қуыс-қойнауына тығылып, қаша орналасқан көтерілісшілер оңайлықпен беріле қоймайды.

Көтерілісшілер соғыста жеңіп, мерейлері артады. Бірақ көтеріліс басшыларының бірі Ырысхан ауырады, халықта біраз абыржу болды. Дегенмен, ұлт-азаттық қозғалысты жалғастырып алған беттерінен қайтпауды мақсат етеді.



Шың Шысай әскерлері соғыста жеңіліс тауып, беті қайтады. Бұл тығырықтан құтылудың жолы келісімге келу деп ұғады. Көтерілісшілер мынандай талаптар қояды.

1. Тұтқындалған адамдардың тірілері абақтыдан шығарылып, өлгендерінің сүйектері қайтарылсын.
2. Өткен соғыстағы мал-жан шығыны есепке алынбасын.
3. Өлкелік басқару органдарға қазақтар тағайындалсын.
4. Көктоғай, Шіңгіл облыстарында қытай әскерлері болмасын.
5. Алтай өңіріндегі кендерді орыстар қазбасын.

Осы талаптарын Шың Шысай өкіметі орындамақ болып келісімге екі жақты қол қойылады. Бірақ ұсталған адамдардың көбі бұл кезге дейін жасырын өлтірілгендіктен, бірлі-жарым қалғандары ғана босатылады.

Сурет 3. Екі көштің жолы



Дереккөз: Әбдіуақап Қараның жеке веб сайтынан алынды. [https://www.abdulvahapkar.com. 20.04.2023].

1941 жылы май айынан бастап Шенг Шы Цай айтқан уәдесінен қайтып, Көктоғайға әскер әкеледі. Ақытұлы Қалман мен Қалелұлы Рахаттың бастауымен Көктоғайда қайта көтеріліске шығады. Оспан батыр халық қолдауына ие болады. Жердің жай-жапсарын жақсы білетін сарбаздар тау шатқалы налай отырып, жауды жайратып тастайды. Көтерілістің басшысы Ырысқан сөзін былай бастайды: *Елдігімізді есепке алып жатқан жоқ. Арыстарды абақтыға қаматып қалай отырамыз. Алдымен, Көктоғай ауданының басшысын құртып, қолға қару түсіру керек...*

1940 жылы ақпан айының екісінде Ырысқан, Есімхан, Нұрғожайлар бастаған көтеріліс бұрқ ете түсіп, аудан басындағы қытайды біраз әскерімен өлтіріп, халықтық сипат алады.

**Сурет 4.** Алтай қазақтарының көшбасшылары. Солдан оңға қарай: Оспан батыр, Ақыт Үлімжанұлы мен Халифа Алтай.




Дереккөз: Темірғали Аршабековтың жеке архивінен алынды.

Алғашқы көш Үндістан-Пәкістанда жүрген кезде босқын мәртебесімен ғана қалғысы келмеген Алтай қазақтары жергілікті билікпен дипломатиялық қарым-қатынас орнату, азаматтық құқығын алу, түрік ағайындарды пана тұту, елді қондыру мақсатында 17 қазан 1951-де Пәкістанның Пешауер қаласында *Шығыс Түркістандық Қазақ босқындары* қоғамын құрады. Аталмыш қоғамның бас хатшысы Халифа Алтай болады. Толағай ізденіс пен еңбектің *Türk Eli* журналындағы комитеттің барлық мүшелеріне Пәкістандағы босқын қазақтардың жағдайын білдіре отырып хат жазуы, Түркияның Пәкістандағы дипломаттарымен кездесулері нәтижесінде [Әбжанов. 2017: 46] 13 март 1952 жылғы № 1952/14/595 Аднан Мендерес Үкіметі Министрлер Кеңесінің шешімімен Түркияға қоныстанушы иммигранттар ретінде қабылданды [Қара, 2006: 545].

